

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КҮН ЭЛЕКТРСТАНЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СОЛНЕЧНЫХ
ЭЛЕКТРОСТАНЦИЙ**

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

СП РК 4.04-113-2014

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	2
5 КЭС ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	3
5.1 Аймақтың климат жағдайларын бағалап КЭС орналастыру жоспары.....	3
6 ТИІМДІ СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ.....	9
7 КЭС НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ЖАБДЫҒЫ.....	10
7.1 Фотоэлектрлік элементтерді таңдау ережелері	10
7.2 Автономды КЭС үшін аккумулятор батареялары	12
7.3 Автономды КЭС қосалқы элементтері	13
7.4 Өндірістік КЭС метеобекеті.....	14
7.5 Басқару, бақылау және диагностикалау жүйесі.....	16
8 КЭС-ң СЕНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	18
9 КЭС-ң ПАЙДАЛАНЫЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	19
10 ЭЛЕКТР ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ.....	21
10.1 Электр жалғасуларының басты және ішкі схемалары.....	21
10.2 КЭС КФЭБ қуаттылығын шоғырландыру схемалары	23
10.3 Өзіндік қажеттіліктерге қатысты электр жалғасуларының схемалары	24
10.4 Басқару, дабылдама, автоматика.....	25
10.5 Электр қуатын есептеп тіркеу.....	25
10.6 Найзағайдан қорғаныс	26
10.7 КЭС қосымша имараттары	26
11 ӨРТ ҚАУПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС.....	27
12 НЫСАНДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ .	27
13 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ.....	28
А ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) КЭС шығарған электрэнергиясын есептеу мысалы.....	29
БИБЛИОГРАФИЯ	32

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» Техникалық регламенттерінің, Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қолданымдағы нормативтік-техникалық құжаттарының негізінде әзірленген.

Ережелер жинағында жаңа күн электр станцияларының жобалануы мен құрылысы және істеп тұрған күн электр станцияларын қалпына келтіру кезіндегі құрылыс нормалары талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін қолайлы құрылыс шешімдері мен параметрлері келтірілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СОЛНЕЧНЫХ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы ережелер жинағы күн фотоэлектрлік модулдер мен и батареялар қолданылатын дербес және өндірістік күн электр станцияларын жобалауды қамтиды.

Ережелер жинағы күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына тікелей түрлендірумен тікелей технологияларды пайдалана отырып, күн электр станцияларын жобалауға мүмкіндік беретін ұтымды жобалау, сәулет және инженерлік шешімдер жиынтығын қамтиды.

Ережелер жинағы жанама күн технологиялары негізінде жұмыс істейтін күн электр станцияларын жобалауға қолданылмайды:

- гелиотермалдық энергетика;
- термоауалық күн электр станциялары;
- күн аэростаттық электр станциялары

Ережелер Жинағы пайдаланушыларға көмектесетін және ұсыныс сипатына ие болатын қолайлы жобалық шешімдердің сипаттамасын қамтиды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 Қаулысымен бекітілген электр құрылғыларын орнату ережелері

ҚР ЕЖ 2.04-103-2013 Ғимараттар мен имараттарды найзағайдан қорғау құрылғысы.

ҚР ЕЖ 5.01-101-2013 Жер имараттары, іргелер мен іргетастар

МЕМСТ 27751-88 Құрылыс құрылымдары мен негіздердің сенімділігі. Есептеу бойынша негізгі ережелер.

Ескертпе - Осы ережелер жинағын қолдану барысында нормативтік құжаттар мен сілтемелік стандарттардың әрекетін ағымдағы жыл шеңберінде «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының сілтеушісі», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттар сілтеушісі», «Қазақстан Республикасының аумағында күші бар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімі» сияқты жыл сайын басылып шығатын ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген жөн. Сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, осы ережелер жинағын қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат ауыстырылмастан жойылған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

Ресми басылым

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 **Фотоэлемент (ФЭ):** Күн сәулесінің энергиясын электрге түрлендіргіш.

3.2 **Күн фотоэлектрлік модулі (КФЭМ):** Саңлаусыз екі қабат арасында өзара дәнекерленген күн фотоэлементтері бар шындалған әйнектен тұратын монокристалл табақша.

3.3 **Күн фотоэлектрлік батарея (КФЭБ):** Өзара тізбектей не параллель жалғанған КФЭМ-дерден құралған, күн сәулесі энергиясын электрге айналдыратын қатты табақша-конструкция.

3.4 **Күн электрстанциясы (КЭС):** Бір немесе бірнеше КФЭБ-дан тұратын және күн сәулесі энергиясын түрлендіру арқылы электр энергиясын алуға арналған энергетикалық имарат.

3.5 **Инвертор:** КФЭБ арқылы алынатын тұрақты токты айнымалы бірфазалық 220 В/50 Гц немесе үшфазалық 380 В/50 Гц токқа түрлендіретін электрондық құрылғы.

3.6 **Контроллер:** КФЭБ энергия көздерін басқаратын және аккумулятлар жиынтығындағы заряд пен оның азайуын бақылауға арналған электрондық құрылғы.

3.7 **Аккумулятор батареясы (АБ):** Химиялық энергияны электр энергиясына түрлендіру арқылы жинақтайтын және оны тұтынушылардың қолдану мақсатында қолданылатын қондырғы.

3.8 **Зарядтағыш құрылғы:** Аккумулятор батареясын зарядтаушы, автоматты, жартылай автоматты және қолмен басқарылатын электрондық құрылғы.

3.9 **КЭС электрлік жүйелері:** Тұтынушылар мен электр желілерін электр энергиясымен қамтамасыз ететін бір жүйеге жинақталған энергетикалық құрылғылардың кешені.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жаңа күн электр станциясының (бұдан әрі – КЭС)-тің жобалануы белгіленген тәртіпте келісіліп бекітілген техникалық-экономикалық дәйектемесі бар, әрі құрылыс нормаларына және құрылыс ауданының климаттық, инженерлік-геологиялық, өзге де жағдайларына сай дайындалған жобалау құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4.1 Осы нормативтік құжат жобалық қуаты 5 кВт және одан асатын күн электр станцияларын (бұдан әрі - КЭС) жобалау ережелерін қамтиды. Ұсынбалы ережелерді бұрыннан бар технологиялық схемалармен, жабдық құрастырымдарымен, ғимараттар және имараттармен ескерілетін сәйкес түзетулері бар кеңейтілетін және қайта жөнделетін КЭС-на қатысты қолдануға болады.

4.2 КЭС-ң жобалануы жобалау, пайдалануға қатысты жоғары техникалық білімі және қазіргі заманғы жоғары технологиялық жабдықты қолдану тәжірибесі бар қызметкерлердің қатысуымен жоғары ғылыми-техникалық деңгейде жүргізілуі тиіс.

4.3 КЭС-н жобалау барысында негізгі техникалық шешімдерді қабылдау үшін келесі мәселелерді ескеру қажет:

- энергетикалық жүйе жабдығы жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету;
- тұтынушылар үшін электр қуатының тұрақтанған сапасын қамтамасыз ету;
- аварияға қарсы автоматика кешендерінің үдіксіз жұмысын қолдау;

- авариялық жағдайларды жедел жоюға бағытталған техникалық құралдардың бар болуы;
- алғашқы қаржы жұмсалымын және пайдалану шығындарын барынша үнемдеу;
- материалдар мен металды қажетсіну деңгейін төмендету;
- қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар, пайдаланушы және жөндеуші қызметкерлер үшін қалыпты санитарлық-тұрмыстық жағдайлар жасау;

4.4 КЭС-н жобалау барысында қолданылатын күн энергетикалық қондырғысының, оның орналасатын аймағының климаттық жағдайларында, барлық энергетикалық шығындарды шегергендегі, электр энергиясын өндірудегі максималдық мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

5 КЭС ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1 Аймақтың климат жағдайларын бағалаумен бірге КЭС орналастыру жоспары

5.1.1 КЭС-ны жобалау барысында жобаның және электр қуатының жылдық өндірімін жүзеге асыру үшін КЭС орналасқан аймақта ұзақ уақыт күн сәулесінің түсуін және ашық күн райының ұзақтығын энергетикалық әлеуетті ең жоғары дәлдікпен бағалау керек.

5.1.2 КЭС құрылысын салатын жерді таңдағанда күн сәулелері кедергісіз түсетін кең ашық жазықтықты немесе биік жерде орналасқан жазық тегіс жерді қарастырған жөн.

5.1.3 КЭС орналастыру алаңын таңдау және жобаның алдын-ала техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу кезінде, күн сәулесінің потенциалын (орташа ай ішіндегі, иезгілдік және орташа жыл ішіндегі), оның қуатының көрсеткіштерін сол жердің климаттық шарттарына сай анықтау мақсатында күн энергетикалық ресурсын алаңға ең жақын:

- құрлықтағы метеостанциялардың;
- әуежайлардың;
- спутниктік деректердің

қолда бар көпжылдық мұрағаттық метеорологиялық мәліметтері негізінде бағалау қажет.

Күн энергетикалық ресурсын алдын-ала бағалаудың нәтижелері КЭС құрылысының тиімділігі жөнінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

5.1.4 Бағдарламалық жасақтама КФЭБ орналастыру жоспарын жасағанда үлестіру карталарын жасауға келесілер мүмкіндік береді:

- алаңшаның топографиялық қиындығының дәрежесін бағалауға;
- ұзақ уақытқа күн жарықтануының орташа жылдық шамасын есептеуге;
- күн сәулесінің қуатының тығыз таралу мүмкіндігін анықтауға;
- сол ортаның басқа да факторларын бағалауға (ауаны тығыздығы мен ластығы, ауа температурасы, ылғалдылығы, жай түсу мүмкіндігі, орташа жылдық ауа райының қолайсыздығы, қар, жаңбыр жауу жиілігі, мұз кату ерекшеліктері, жел соғу жылдамдығы, түздардың болуы, химиялық бөлсенді орталардың болуы және т.б.);
- алаңшаның сейсмикалық сипатын бағалауға;

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

- КЭС жобасын теориялық түрде жасауға;
- күн түсу қуатының шамасын күн сәулелерінің түсу бұрышына байланысы бойынша моделдеуге;

- КЭС құрамының сызбасын және оны оңтайлы бейімдеуін жасауға;
- жақын орналасқан КФЭБ бір бірін көлеңкелеуін бағалауға;
- алынатын энергия шамасын есептеуге;
- ИЕС (МЭК) 61400-1 бойынша классификациясын алу үшін құжаттар дайындауға.

Орташа тәулік ішіндегі күн түсу қуатын және бір жыл ішіндегі күн ашық болатын кездерді есептегенде арнайы компьютерлік программа қолданылады..

Осы арнайы программа КЭС орналасатын алаңшада келесі шамалардың таралу картасын құруға мүмкіндік береді:

- бір жылдағы болатын ашық күндер мен сағаттардың орташа,
- әр ай бойынша күн сәулесінің орташа тәуліктік қуатын,
- бір тәуліктегі, айда және бір жылда күн сәулесінің қосынды қуатын.

5.1.5 КЭС-н жобалау кезінде, КФЭБ-ды орналастыру үшін алдын-ала көлемі сәйкес келетін бір немесе бірнеше аумақты таңдап алған жөн.

5.1.6 КФЭБ орналастыру схемасы олардың КЭС құрамындағы орнын анықтайды.

5.1.7 Орналастыру сызбасын жасағанда таңдап алынған алаңшада қажетті қуаты бар КФЭБ тиімді орналастыру келесі шарттарды ескере отырып орындалуы тиіс:

- электр энергиясын неғұрлым көп мөлшерде өндіру мен өзара көлеңкелеуді болдырмау мақсатында КФЭБ аралығындағы оңтайлы ара қашықтықтарды анықтау;

- ауа ортасының сапасы КФЭБ жазық беттерінің ескіруін тездететін болғандықтан, оларды шаң тоқаңнан желдетіп отыратын және қалқалай алатын нысандар жанында орналастыруға көңіл бөлу;

- жолдар, электр қуатын беру желілері, мұнай және газ құбырлары, өнеркәсіптік нысандар, әуежайлар және т. б. сияқты инфрақұрылым нысандарының жанына орналастыруға қатысты шектеулерді сақтау;

- санитарлық нормаларының сақталуын ескере отырып жоспарлау қажет;

- аймақтың бұрыннан бар инфрақұрылымы мен шектеулерін ескере отырып, қарастырылатын табиғи жағдайларда құрылыс алаңын ұйымдастыру мүмкіндігі.

5.1.8 КЭС салынатын алаңшада КФЭБ оңтайлы орналастыру мыналарды ескере отырып жүргізілуі тиіс:

- осы таңдап алынған жерде күн сәулелері көп жарықтайтын жазық кең алаңда орналастыру;

- күн сәулелері түсуіне кедергі болатын аймақ жерінің бедеріне, оның кедір-бұдырлығына, ондағы табиғи (ормандар, төбелер және т.б.) және қолдан салынған (ғимараттар, биік имараттар және т.б.) кедергілердің;

- КФЭБ бекітетін конструкцияларға КЭС алаңында жел әсер шамасының аз болуы;

- қуат беретін нысандар құрылысының және электр желілеріне технологиялық жалғанудың, КЭС жабдығы үшін технологиялық жалғанудың оңтайлы нүктесін анықтаудың, энергия жүйесі тарапынан КЭС қуатын шектеудің құны;

- жер телімдерінің мәртебесі;

- экологиялық шектеулер;

– өзге шектеулер (елді мекендердің жақын орналасуы, авиация, байланыс желілері, қорғау аймақтары, мәдени және археологиялық ескерткіштер, жер асты коммуникациялар және т.б.).

5.1.9 КЭС жобалау кезінде келесі мәліметтерді ескеру керек:

– КЭС алаңының географиялық орналасуының жағдайы, жергілікті климат сипаттамалары: күн түсу параметрлері, жел бағыттары мен күн түсуіне әсер ететін жергілікті факторлар (рельефі, өсімдіктер, алаңдағы және жақын орналасқан ғимараттар);

– бір жыл ішіндегі бақылаулар негізіндегі жел соғу бағытының өзгермелілігі;

– көп жыл ішіндегі метеопост бақылаулар негізіндегі жел соғу бағытының өзгермелілігі.

5.1.10 КЭС алаңының топографиялық түсірілімі дандшафт ерекшеліктерін көрсететіндей 1:1000 көп емес масштабта болуы керек. Жақын орналасқан территорияның (жан жағына 2 км кем емес) топографиялық түсірілімі архивтік материалдар жоқ кезінде дандшафт ерекшеліктерін көрсететіндей 1:10000 масштабта орындалуы мүмкін, жер бедерінің қимасы 5,0 м артпайтындай.

5.1.11 КФЭБ табақшаларын орналастыру үшін [1] сәйкес есептеу формулалары арқылы олардың конструкциясы мен бір табақшаның ауданын ескере отырып өзара көлеңкелеуін есептеу керек, көлеңкелеуді жыл мерзіміне, тәулік уақытына тәуелділік негізінде есептеп, көлеңкелену коэффициентін табу керек (1-сурет).

5.1.12 Күн сәулесінің қуатын сараптай отырып, көлеңке L ұзындығын төрт сипаттамалық нүктелерге бағалау керек – жазғы және қысқы күн шығуына және көктемгі мен күзгі күннің теңелуіне. Көлеңкелеу коэффициентін α_{ji} табақшаны жер бетінен орналастыру h биіктігінің бөлігі ретінде көрсеткен жөн.

5.1.13 Күн бұрышы α мен көлеңке ұзындығы L есептеу үшін (1 сурет) мына өрнек қолданылады [2]:

$$\alpha = \arccos\{0,4\cos[(2\pi N - 346\pi)/365]\} \quad (1)$$

мұнда N – бірінші қаңтардан есептегенде жылдың күн саны;

$$H^0 = \arcsin(\sin\alpha\cos\delta\cos\tau + \cos\alpha\sin\varphi) \quad (2)$$

мұнда $\tau = (t - 12)\pi/12$ – сағаттық бұрыш, t – орта түннен санағандағы уақыт, φ – жергілікті жердің географиялық ені;

$$L = h \sin\varphi/\operatorname{tg}H^0 \quad (3)$$


мұнда h – КФЭБ жер бетінен орналасу биіктігі;

L – фототабақшалар қатарына перпендикуляр бағыттағы көлеңке ұзындығы, $L = L' \cos A^0$

$$\cos A^0 = (\cos\alpha - \sin\theta \sin H^0)/(\cos\delta\cos H^0) \quad (4)$$

мұнда A^0 – азимуттық бұрыш,

L^I – көлбеу түскен көлеңке ұзындығы.



a – жанынан көрініс; *b* – жоғарыдан көрініс.

1-сурет. Өзара көлеңкеленуді есептеудің КФЭБ орналасу сызбасы

5.1.14 КЭС алаңында фототабақшалар ара қашықтығы L қыста есептік шамадан артық алу керек (шамамен $L = 3,8h$), КЭС пайдаланған кезде КФЭБ техникалық қызмет көрсету шарты бойынша.

5.1.15 КФЭБ орналастыруға қол жетімді болған алаң шегінде, құрылыс базасының ұйымдастырылуынан бастап, белгіленген техникалық параметрлер негізінде (бойлық және көлденең еңістер, габариттер, бұрылыстардың радиустары т. б.) технологиялық өтпелер мен монтаждық алаңдар салуға дейінгі, құрылыс жағдайлары ойластырылып талданады. Сонымен қатар, алаңның топырақ жағдайлары да қарастырылып, аймақтың гидрографиялық сипаттамалары (жер үсті және жер асты сулар, бұлақтар, батпақ) және жер бедерінің ерекшеліктері (беткейлердің тіктігі, жыралар, шөгінділер) ескеріледі. Орындалған талдауды ескере отырып, өзара техникалық-экономикалық салыстырулар жасау мақсатында сындарлы шешімдердің түрлі нұсқалары дайындалады.

5.1.16 Сонымен бірге, орналастыру схемасын дайындау барысында іргетастардың қалану мәселесіне және КФЭБ монтажының схемасына зор мән беріліп, олардың таңдалған алаң шеңберінде техникалық орындалуын бағалау іске асырылады.

5.1.17 КЭС-ң бас жоспары негізгі, қосымша және қосалқы ғимараттар мен имараттар, көлік және технологиялық коммуникациялар кешенін қамтиды.

5.1.18 КЭС-ң негізгі құрылыстары күн энергиясын электр энергиясына өзгеруін, энергияның КФЭБ бастап, қуат жүйесіне жалғанған орнына дейінгі таралуын қамтамасыз етуге бағытталған.

5.1.19 КЭС-ң негізгі имараттарына келесілер жатады:

- КФЭБ;
- метеобекет немесе бірнеше метеобекеттер;
- басқару, бақылау және диагностикалау жүйелерімен жабдықталған орталық

басқару пункті;

- үлестіргіш электр құрылғылар және шағын станциялар;
- электр қуатын берудің шоғырсымды және әуе желілері.

5.1.20 КЭС-ң қосымша имараттары негізгі имараттардың қалыпты және үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етеді. Оларға, әдетте, келесілер жатады:

- қызметтік-өндірістік корпус;
- КЭС аумағының шеңберінде байланыс құралдары бар орындар;
- КЭС-ң қуат жүйесінің диспетчерлік орнымен байланысын қамтамасыз етуге арналған байланыс желілерімен және құралдарымен жабдықталған орындар.

5.1.21 Қосалқы ғимараттар мен имараттарға:

- қойма бөлмелері;
- құрал-жабдықты сақтау орындары;
- қызметкерлердің тынығу бөлмелері;
- күзет бөлмелері;
- көлік және жүк көтергіш құралдардың гараждары;
- жөндеу шеберханалары жатады.

5.1.22 Әрбір нақты КЭС үшін қосымша және қосалқы имараттар құрамы өзгеріп отыруы мүмкін.

5.1.23 КЭС алаңын бір аумақта орналастырған жағдайда, КФЭБ-ды бірнешеуден модульдерге біріктірген абзал. КФЭБ саны олардың әр бірлігінің қуаты және таңдалған трансформаторлық шағын станциялардың өткізгіштік қабілеті негізінде анықталады.

5.1.24 КЭС-ң бас жоспарын құрастыру кезінде, энергетикалық жүйеге белгіленген бағыттарда электр қуатын тасымалдау үшін желілердің қолайлы шығуларының бірыңғай арналарын қамтамасыз ету қажет.

5.1.25 КЭС-ны бірнеше бөлек тұрған алаңдарда (белестер тізбегіне, ауылшаруашылық қолданысына жарамсыз аймақтарға және т. б.) орналастырған жағдайда, КФЭБ-ын модульге біріктіру аумақтық принцип негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, энергиялық жүйеге қуат берілісінің бірнеше арнасын жасуға болады.

5.1.26 КЭС бас жоспарының құрастырылымы келесі жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс:

- таңдалған КФЭБ түрлері арқылы электр қуатының барынша жоғары өндірімін алу;
- КЭС құрылысында барынша аз қаржы жұмсалымы;
- тұрақты және уақытша қолданысқа берілетін жер алаңдарының барынша аз дәрежеде қажет болуы;
- КЭС-ң ағымдық және сатылай құрылысын ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау.

5.1.27 КЭС бас жоспарларының құрастырылымын дайындау кезінде өндірістік кәсіпорындарды жобалау бойынша нормативтік құжаттың және КЭС ерекшеліктеріне байланысты қосымша талаптарды ескеру керек:

- КФЭБ-ң бірлік қуаты салыстырмалы түрде төмен және олар өзара жел көлегейлеу әсерін төмендету үшін кең аймақтарда орналастырылады;
- Әрбір КФЭБ-ға пайдалану жағдайларына қажетті технологиялық автокөлік кіре

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

беріс жолдарын салу;

– Әр КФЭБ-дан үлестіргіш құрылыстарда электр қуатын беру шоғырсымдық желілерін (ЭБШЖ) және қуат жүйесімен байланысуға арналған әуе немесе шоғырсым желілерін жасау;

– құрылыс-монтаждық жұмыс көлемінің шамалылығы және оларды орындау ұзақтығының салыстырмалы түрде қысқа болуы;

– КЭС-ны шағын іске қосу кешендері арқылы пайдалану мүмкіндігі.

5.1.28 КЭС-ң бас жоспарларын құрастыру барысында сонымен бірге келесілерді қамтамасыз ету қажет:

– КЭС негізгі ғимараттары мен имараттарын жердің табиғи бедерін және желдің басым бағыттарын ескере отырып орналастыру қажет;

– орталық басқару және бақылау пунктін (ОББП), сонымен бірге, орталық шағын станцияны (ОШС) мүмкіндігінше электр қуатын өндіретін КФЭБ күштерінің ортасында орналастырған жөн;

– қосымша және қызметтік ғимараттар мен имараттарды барынша тұтастыру;

– метеобекеттерді орналастыратын орынның және олардың санының жеткілікті болуы;

– КЭС-н өндіріс кәсіпорындары мен қалаларға жақын, дамыған қуат жүйелерінде орналастырған жағдайда, желілік жабдық пен желілік имараттарды, жөндеу шеберханалары мен қойма бөлмелерін энергетикалық қызмет көрсететін немесе өндірістік кәсіпорындармен бірлесе қолдану мүмкіндігін қарастырған тиімді;

– КЭС және шағын станцияларды елді мекендердің тұрғын үйлерінен, өндірістік және өзге нысандардан жеткілікті дәрежеде жақын орналастыру;

– табиғи ландшафттарды сақтауға және жаңбыр сулары мен еритін қар суларын бұрып жіберуге негізделген жоспарлау;

– ішкі автокөлік жолдары мен айналма алаңдарының нормативтік ені мен сапасы; қызмет көрсетуші персоналдың үнемі жүретін аймақтарында жүргіншілерге арналған жолдарды және қорғаныс бөгеулерін орнату; сондай-ақ қауіпті аймақтарда (авариялар кезінде қалақтардың ұшып құлауы ықтимал орындарда, кернеулі жабдық орнатылған орындарда) ескерту белгілерін орнату арқылы КЭС нысандарына қауіпсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін жағдайлар;

– мүмкіндігінше ауылшаруашылық қоныстарының шекараларын бұзбай, ішкі және кіре беріс автокөлік жолдарын, электр қуатын беру желілерін, электр шоғырсымдарын, байланыс және басқару шоғырсымдарын бөлінген жер алаптарында орнату және трассалау;

5.1.29 КЭС алаңына тұрақты қолданысқа, әдетте, КФЭБ, метеобекет, трансформаторлық шағын станциялар, электр қуатын берудің әуі желілерінің бағаналары (ӨЖ), ішкі автокөлік жолдары, КЭС-ң қосымша және қосалқы ғимараттары мен имараттарының кешені орналасатын жерлер беріледі.

5.1.30 КЭС-на уақытша қолданысқа жер асты электр шоғырсым желілерін, байланыс және басқару желілерін орналастыруға арналған жер алаптары, сонымен қатар, құрылыс-монтаждау жұмысының өндірісі кезеңіндегі монтаждау алаңдарын орналастыруға қажетті аймақ беріледі. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуына

қарай, жер ретті телімдермен уақытша қолданысқа бөлініп отырады.

5.1.31 Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталған соң, уақытша бөлініп берілген аумақтардағы жердің топырақ құнарлығы қалпына келтіріліп, бұрынғы пайдаланушыларға қайтарылуы тиіс.

5.1.32 КЭС жерінің бедерін ұйымдастыру жоспарын жобалау кезінде, жер қазу жұмыстарының ең аз көлемін және игерілетін аумақ ішіндегі топырақтың барынша аз тасымалдануын назарда ұстаған абзал.

5.1.33 Үстіртін сулар ағысын бұру су бұрғыш имараттар жүйесімен жер бедерінің төмендетілген жерлеріне жіберу (жыралар, науалар, таудағы орлар, құбырлар т.б.) арқылы жүзеге асады.

5.1.34 КЭС аймағын жайластыру және көгалдандыру тарауын жобалау кезінде көгалдандыру үшін газон мен тырбық бұталарды пайдалану, ал дәйекті жағдайларда, өсіп тұрған ағаштарды алып тастау немесе олардың биіктігін азайту арқылы күн сәулесінің молынша түсуін барынша қамтамасыз ету.

5.1.35 КЭС алаңында қосымша және қосалқы ғимараттар мен имараттар орналасатын аумақ қана қоршалуы мүмкін. Бұл ретте, КФЭБ орналасатын аймақ және КФЭБ-ң өзі көбінесе қоршалмайды. Ал олардың арасындағы аумақ ауылшаруашылық мақсаттарында қолданылуы мүмкін. Қоршаудың түрін таңдау кезінде мүмкіндігінше торлы қоршауларды қолданған абзал.

5.1.36 Көтергіш-көлік құралдарын КЭС қосымша имараттарының өндіріс бөлімінде орналыстырған жөн.

5.1.37 КЭС алаңында жөндеу және профилактикалық жұмыстардан қалған материалдардың қалдықтарын, КЭС қызметкерлерінің тіршілік әрекеттінің қалдықтарын жинау және сақтауға арналған ыдыстарды орналастыратын орындар алдын-ала ойластырылуы, ал жобада оларды кәдеге жарату тәсілі (шығару немесе көміп тастау және т. б.) белгіленуі тиіс.

6 ТИІМДІ СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ

6.1 КФЭБ іргетастарын қосқанда, КЭС ғимараттары мен имараттарының сындарлы шешімдері КФЭБ әзірлеушісінің талаптарын ескере отырып сәйкес қабылдануы тиіс.

6.2 КФЭБ сенімділік деңгейі (ФЭ, КФЭМ қосқанда) КФЭБ әзірлеушісі тарапынан бекітіледі.

6.3 КФЭБ жабдығының, ғимараттары мен имараттарының іргетастарын инженерлік-геологиялық ізденістер нәтижесінде алынған физикалық-механикалық, деформациялық көрсеткіштерді және топырақ беріктігінің көрсеткіштерін ескере отырып жасау қажет.

6.4 КФЭБ іргетастарын жобалау үшін есептік жүктелімдерді және олардың өзара тіркесуін қондырғы әзірлеушісі белгілейді.

6.5 Іргетас түрін таңдау ҚР ЕЖ 5.01-101, МЕМСТ 27751 талаптарына сәйкес келіп, нұсқаларды техникалық-экономикалық салыстыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Таңдалған іргетастар КФЭБ динамикалық жүктемесінен келетін тербелістерге төзімді болып, жақын орналасқан КФЭБ құрылымдарына тербелістің берілмеуін қамтамасыз етуі шарт.

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

6.6 Қызметтік-өндірістік корпустың (ҚӨК) көлемдік-жоспарлау шешімдері технология және өнеркәсіптік эстетика талаптарына сай келуі және әкімшілік, оперативтік, жөндеу қызметкерлерін, сондай-ақ іссапарда жүрген қызметкерлерді қалыпты санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етуі қажет. КЭС-ң ықтимал кеңеюі үшін ҚӨК-та резервтік алаңдарды алдын-ала ойластырған жөн. КЭС-ң қосымша нысандары үшін жергілікті құрылыс және өңдеу материалдарын қолданған жөн.

6.7 Табиғи жарықтың түсуі және КЭС алаңын қарау мақсатында орталық басқару пунктiнiң терезелерiнiң саны мен ауданы көп бөлмелерде ұйымдастыру қажет.

6.8 Жылыту, желдету және салқындату жүйелерін жобалау барысында электр қуатын тұтынуды азайту шараларын алдын-ала ойластырған абзал. Көрсетілген жүйелерде көбіне КЭС-нан келетін өзінің жеке энергиясын тұтынатын және оның негізгі қуат жүйесінен барынша аз жұмсалуды қамтамасыз ететін жылу аккумуляторларын алдын-ала ескерген жөн.

7 КЭС НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ЖАБДЫҒЫ

7.1 Фотоэлектрлік элементтерді таңдау ережелері

7.1.1 Барлық түрлерінің ішінен қажетті фотоэлементті (ФЭ) таңдау (сонымен қатар КФЭМ және КФЭБ) оның конструктивтік және техникалық сипаттамаларымен анықталады.

7.1.2 Құрылымдық сипаттамаларға мыналар жатады:

- ФЭ жасалынған материал;
- қуатты реттейтін жүйе;
- ФЭ күнге бағыттаушы жүйе;
- тіреуші құрылымның конструкциясы мен биіктігі;
- ФЭ жүйесінің апаттық жағдайда жұмыс істеу принципі;
- ФЭ қуатын КФЭБ табақшасынан аккумулятор батареялары мен таратушы шкафаға жеткізу жүйесі;

– найзағайдан сақтану жүйесі және т.б. жатады

7.1.3 Техникалық сипаттамаларға мыналар жатады:

- ФЭ түрі және оның тағайындалған қуаты;
- қуаттың электрлік (кернеулік) сипаттамасы;
- ФЭ тағайындалған қуаты бойынша КФЭБ меншікті ауданы;
- ФЭ түрі үшін күн сәулелерінің спектр аумағы;
- ФЭ сенімділігінің көрсеткіштері;
- ФЭ қызмет мерзімі жатады.

7.1.4 КФЭБ үшін ФЭ түрін таңдау берілген құрылыс алаңы үшін мыналар болып табылады:

– берілген құрылыс алаңы үшін күн сәулелерінің түсу сипатына қарай электр энергиясын мүмкіндігінше көп мөлшерде өндіру;

– КФЭБ берілген қуатын тиімді пайдалану коэффициентінің жоғарғы мәні;

– өндірілген электр энергиясының мүмкіндігінше ең аз сату құны.

7.1.5 КФЭБ үшін ФЭ таңдаған кезде КЭС салынатын жердің климатына сәйкес

келетін ФЭ қарастыру керек, яғни:

- шектік және экстремалды температуралар, ауаның ластығы мен ылғалдылығы;
- экстремалды ауа райының шарттары (құйындар, дауылдар, атмосфералық ауаның тұздылығы, құмды борандар, қар қалыңдығы мен жүктемесі).

7.1.6 Жергілікті тұрғындарға тән күн сәулесінің спектрі ауқымында күн энергиясын пайдаланудың максималды коэффициентіне ие ФЭ-ге артықшылық беріледі.

7.1.7 7.1.1 - 7.1.5т. келтірілген ережелер бойынша таңдап алынған ФЭ үшін қарастырылып отырған жердегі күн түсу сипаттамасына сай әрбір КФЭМ (немесе КФЭБ) жылдық есептік электр энергиясын өндіру мөлшерін анықтау керек. Жер телімін КЭС салу үшін таңдау кезеңінде бұл есептеуді [3] келтірілген әдісті қолданып, анықтауға болады.

7.1.8 КЭС-ны жиынтықтау үшін қажет КФЭБ-ын қорытынды таңдауы КЭС-ның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыруларға сүйене отырып, КЭС құрылысына салынған инвестициялардың техникалық-экономикалық дәлелдемесін әзірлеу сатысында жасалады. Нұсқалар экономикалық тұрғыдан тепе-тең болған жағдайда, бірлік қуаты көбірек КФЭБ-ны таңдаған абзал.

7.1.9 КФЭБ техникалық сипаттамалары Мемлекеттік стандарттар органдары тіркеген Техникалық жағдайлардың ішінде келтірілген мәліметтер негізінде қабылданады. Оларға сәйкес қондырғылардың жиынтықты жеткізілімі жүзеге асырылады. КФЭБ сипаттамаларына жеткізуші немесе өндіруші тарапынан өзгертулер енгізілсе, сәйкес өзгертулер белгіленген тәртіппен Техникалық талаптарға енгізілуі тиіс. Импорттық жабдықтың техникалық сипаттамалары берілген тізімдемелер негізінде қабылданады және жеткізу құжаттары (контракт) бойынша нақтыланады.

7.1.10 КФЭМ құрау үшін ФЭ түрін таңдаған кезде КЭС ішкі жүйесі ФЭ өндіретін тұрақты ток кернеуін тарату желісіндегі стандарттық түрге айналдыратын кернеуді түрлендіруші тізбегі болуы керек және ол фазалар саны, ток жиілігі және кернеу шамасы бойынша сәйкес болуы керек.

7.1.11 Қолданатын инверторда КФЭМ өндірген тұрақты токтың орташа кернеу мәні $U_{ФП}(\varphi_{ij})$ мен инвертор кернеуі $U_{Ф1}$ арасындағы байланыс мына өрнектен табылады [4]:

$$U_{ФП}(\varphi_{ij}) = 2U_{Ф1}\sin(\pi/6)\cos\beta + \Delta U_{\gamma}(I) + \Delta U_M \quad (5)$$

мұнда β – КФЭМ қосылу бұрышы, γ – КФЭМ коммутация бұрышы,

I – инвертордың тогының орташа мәні,

$\Delta U_{\gamma} - I$ тогының коммутациясынан болатын кернеудің түсуі,

ΔU_M – КФЭМ – модулдердегі кернеудің түсуі.

7.1.12 Егер КЭС салғанша метеоберілгендері бойынша тек бір жыл ішіндегі күн сәулесінің қосынды қуаты φ_i , ашық күндер d_i мен сағаттар h_i белгілі болса, онда алдын ала орындалатын есептеулерде КЭС салынатын ауданда бір жылдың әр айындағы орташа тәуліктік күн сәулесінің қосынды қуаты φ_{ji} , ашық күндер d_{ji} мен сағаттардың h_{ji} орташа мәндері есепке алынуы керек.

7.1.13 ФЭ әртүрлі кернеу-амперлік сипаттамасына ие болатындығы белгілі. Егер кернеу-амперлік сипаттамасының формасы ток көзіне сәйкес болса, онда $U_{ФП}(\varphi_{ji})$ -тің φ_{ji} мәнінен тәуелділігі минималды, сонда осындай ФЭ инвертор жүйесінде қолдану өте ыңғайлы болады. ФЭ тогын қосқан кезде γ бұрышының мәні салыстырмалы көп емес,

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

сондықтан алдын ала $U_{\Phi 1}$ есептеулер жасағанда $\Delta U_{\gamma}(I)$ мен ΔU_M мәндерін нөлге теңесе болады.

7.1.14 Желіге $U_{\Phi 1}$ кернеуін беру үшін инвертор жұмысының режимін β бұрышын өзгерту арқылы орындау керек. Бірақ β өзгерту инверторды басқару схемасын қиындатады, β арттырған кезде $U_{\Phi 1}$ кернеу мәнінде жоғары гармоникалар арта бастайды. Ал кернеу-амперлік сипаттамасының ток көзінің сипаттамасына тең кезінде $U_{\Phi П}(\phi_{ji})$ -тің ϕ_{ji} мәнінен тәуелділігі минималды болады, ал β бұрышы 15° аспайды. Осы кезде $U_{\Phi 1}$ кернеу мәнін мына өрнектен табылады:

$$U_{\Phi 1} U_{\Phi П}(\phi_{ij}) = U_{\Phi П}(\phi_{ij}) / [2,1 \dots 2.3] \quad (6)$$

мұнда $U_{\Phi 1}$ – трансформатор орамдарындағы инвертордан алынатын фазалық кернеу, $U_{\Phi П}(\phi_{ji})$ – КФЭМ (немесе КФЭБ) алынатын тұрақты ток кернеуі.

КЭС ішкі желісі әртүрлі дәрежедегі кернеу мен токтардың үш түрінен тұрады.

Біріншісі – КЭС ішкі желісінің түрлендіруші бөлігі – көптеген КФЭМ тұратын тұрақты ток тізбектері, қосушы кабельдер, инверторлар, трансформаторлар.

Екіншісі – трансформатордан алынатын бірінші дәрежелі деңгейдегі кернеудің (көбіне 10 кВ) үшфазалы айнымалы ток тізбектері, радиалды және магистралды үшфазалы айнымалы ток кабелдер.

Үшіншісі – 35 және 110 кВ кернеулік орталық подстанция. КЭС орналасқан аудан үлкен болғандықтан бірнеше подстанция болуы мүмкін, КЭС қуатына байланысты.

7.1.15 ФЭ таңдаған кезде оның паспорттық берілгендерінде күн сәулесінің $\phi_{i0} = 1000 \text{ Вт/м}^2$ қосынды қуатына арналған нормаланған параметрлері көрсетіледі, ал КЭС орналасқан жерде ондай күн түсу болмауы мүмкін, осыны ескерген жөн.

7.1.16 КФЭБ құрылымдық құжаттар жиынтығы КЭС жобалау, КФЭБ монтаждау және пайдалану үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

7.1.17 Негізгі және қосымша жабдықтардың, бағдарламалық жасақтаманың күші бар нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігі тиісті Мемлекеттік стандарттың тиісті сертификаттау орталығынан немесе сертификаттау нәтижелерін мойындау жөнінде келісім-шарт жасалынған шетел мемлекетінің сертификаттау орталығынан алынған сертификатпен расталуы қажет.

7.2 Автономды КЭС үшін аккумулятор батареялары

7.2.1 КЭС өндіретін электр энергиясы күннің жарығына тәуелді болғандықтан, фотоэлектрлік жүйелерді жасағанда энергияны сақтау мен жинақтау басты міндет болып табылады.

КЭС жұмысының сенімділігі мен тиімділігі аккумулятор батареяларын дұрыс таңдауға байланысты.

7.2.2 Автономдық фотоэлектр жүйелері үшін аккумулятор батареяларын қолдану тек энергияны сақтау мен жинақтау ғана емес, сонымен қатар энергия көзінен тұтынушыға дер уақытында жеткізу, пайдалану кезінде алынатын кернеудің тұрақтылығы, кернеудің артуы кезінде электр құралдарының істен шықпауын болдырмау.

7.2.3 Автономдық не гибридік күн электр жүйелерінде қолданылатын аккумуля-

тор батареялары кеш түскеннен энергиясын жоғалта бастайды да күн жарық кезде қайта зарядталады.

Ең кең тараған қорғасынды-қышқыл батареялары:

- стартерлік (автомобилдердікі);
- AGM (герметикалық);
- герметикалды гелдік;
- пластиналардан құралған құйылмалы (OPzS сериясы);
- тартушы және басқалар.

Әртүрлі аккумулятор түрлері әртүрлі зарядталу циклдерімен, сақтау мерзімімен, сыйымдылығымен, жұмыс істеу температурасымен, тез арада энергия жинауымен және құнымен сипатталады.

7.2.4 Нақты автономдық КЭС үшін аккумулятор батареясын таңдау бірнеше факторлармен анықталады: өздігінен зарядын жоғалтуы, аз мәнді заряд тогымен жұмыс істеу қабылеті, теріс температураларда да жұмыс істеуі (жыл бойы қолданылатын жүйелер үшін), техникадық күтімнің ең аз талаптары.

7.2.5 аккумулятор батареяларын бір блокқа тізбектей жалғау тиімдірек. Параллел жалғанғанда аккумулятор батареяларының жалпы сыйымдылығы барлығының қосынды сыйымдылығына тең болады, ал жалпы кернеу жеке бір ғана аккумулятор батареясының кернеуіне тең болып қалады.

7.2.6 Аккумуляторлардың қолданыс уақытында шамадан тыс қызуы олардың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне кедергі болады.

7.2.7 Аккумуляторлар зарядталу кезінде сутегін бөліп шығарады (герметикаланған аккумуляторларда да), сондықтан оларды желдету қоланудың шарты болып табылады.

7.2.8 Фотоэлектрлік станциялар үшін аккумулятор батареялары жеке және олардың құрамды жиынтығынан да тұрады, алынатын кернеу 6 немесе 12 В.

7.2.9 Аккумулятор батареялары бір өндірушіден, бірдей сыйымдылықты, бір уақытта жасалынған болуы керек, яғни бір партиядан болғаны дұрыс.

7.2.10 Өндірілген электр энергиясын электр желісіне тура беретін КЭС үшін аккумулятор қуаты қажет емес.

7.3 Автономдық КЭС қосалқы элементтері

7.3.1 Автономдық КЭС қосалқы элементтері - аккумулятор батареяларының заряд-разрядын бақылайтын микропроцессорлық контроллер, инвертор және аккумулятор батареялары үшін зарядтаушы қондырғы.

7.3.2 Микропроцессорлық контроллер күн батареяларының максималды қуатын қадағалап отырады және заряд тоғына ендік-импульстік модуляция жүргізеді. Осындай контроллерлер аккумулятор батареяларын 100 % дейін зарядтайды. Заряд контроллері инвертормен біртұтас та жасалынады.

7.3.3 Фотоэлектрлік жүйелер үшін негізгі екі контроллер түрі бар: шунттық және тізбектік.

7.3.4 Заряд контроллерін қолданған кезде аккумулятор батареяларының қызмет мерзімі ұзарады және КЭС энергиясын пайдалану тиімдірек бола түседі.

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

7.3.5 Қуатты КЭС-да жалпы жүйені басқаратын жүйелік контроллерлер қолданылады. Бақылау жарықталынуды, температураны, тоқты, кернеуді және т.б. жүйе сипаттамаларын есепке алып және мәнін талдайтын компьютер арқылы жүргізіледі.

7.3.6 Әр фотоэлектрлік жүйе фотоэлектрдік модулдердің қуаты мен жүктеме шамасына қарай сай келетін контроллерді қажет етеді.

7.3.7 Күн батареяларымен өндірілген тұрақты ток энергиясын бір фазалы 220 В/50 Гц немесе үш фазалы 380 В/50 Гц айнымалы токқа айналдыратын әртүрлі инверторлар бар, олар ерекшелінеді:

- қуатымен,
- тұрақты ток кернеуімен,
- шығу сигналының формасымен,
- бірге орындалған зарядтаушы құрылғысымен және энергияны тура беру жүйесімен,
- аналогтық немесе импульстік схемасымен және т.б.

Инверторлар тек қана автономдық жүйелер үшін немесе электр энергиясын тура желіге беретін болып бөлінеді.

7.3.8 Инверторды таңдаған кезде мына сипаттамаларға назар аудару керек:

- номиналдық қуаты $P_{ном}$ (инверторға жалғауға болатын жүктемелер қуатының қосынды шамасы). Номиналдық қуат тұрақты 20-30 % артық алынуы керек.;
- шектік қуат $P_{шик}$ – аккумулятор батареяларынан жұмыс істегенде инвертор көтере алатын қуаттың максималды мәні. Инвертордың максималды қуатын (шектік қуатын) тұтынатын құрылғылардың қосылу тогы шамасын ескере отырып таңдау керек.
- тұрақты тоқты түрлендіру кезіндегі айнымалы ток сигналының формасы.
- аккумулятор батареяларының әр түрін зарядтай алуы;
- «ұйықтау» режимінің бар болуы;
- біріктіре құралған ауыстырма қосқыштың болуы, бұл сыртқы желіде ток болмаса аккумулятор батареяларынан энергия ала бастайды.
- температура өлшегіштің болуы.

Заманауи инверторлар құрамында МРРТ разряд контроллерімен жасалады, ол аккумулятор батареяларының отырып қалуына жол бермейді (шамамен 1,8 В/элемент).

7.3.9 Фотоэлектрлік жүйе түріне байланысты инверторлар екі түрге бөлінеді:

- автономдық жүйелер үшін біріккен жиілік генераторы бар инверторлар;
- желіде қолданатын инверторлар.

Екі түрлі инверторлардың ПӘК 90 % кем болмауы керек.

7.3.10 Зарядтаушы қондырғы қайта жөндеуге келмейтін герметикалды қорғасын-қышқылды аккумуляторларды автоматты түрде зарядтау үшін арналған.

7.3.11 Зарядтаушы қондырғының таңдау негізі болып қажетті зарядтау тогы, аккумулятор түрі, зарядтау жылдамдығы мен автоматтық дәрежесі табылады.

7.3.12 Аккумуляторды жиі максималды токпен зарядтау оның қызмет мерзімін азайтады. Зарядтау процессін тездету үшін бірнеше зарядтаушы қондырғыларды параллел қосу керек. Заряд тогы сонда артады және токтар қосындысына тең болады. Аккумулятордың ұзақ мерзімді жұмыс істеуі зарядтау әдісі мен қоршаған орта температурасына тура тәуелді.

7.4 Өндірістік КЭС үшін метеобекет

7.4.1 Метеобекеттің қажеттігі:

- күннің түсу қуатының өтпелі мәндерін, жел бағыты мен жылдамдығын, ауа температурасын және қысымын өлшеу;
- электр энергиясын өндірудің тиімділігін бағалап отыру үшін күн сәулесінің ағынына мониторинг жүргізу;
- КЭС технологиялық үдерісін басқарудың автоматтық жүйесінің (ТҮБАЖ) қызметін қамтамасыз ететін мәліметтерді әзірлеу және ЦҚК-қа жеткізу.

7.4.2 Метеобекет құрамына метеорологиялық мұнара және жел жылдамдығын, бағытын, және қоршаған ауа температурасы мен қысымын өлшеуге арналған құралдар жиынтығы кіреді.

7.4.3 Метеобекеттерді орнату орындары мен олардың КЭС алаңындағы саны жер бедерінің сипатымен және КФЭБ өрісінің конфигурациясымен анықталады. КЭС алаңын жеке телімдерге бөліп үлестіру кезінде, метеобекетті әрбір жер телімінде орнатуға кеңес беріледі.

7.4.4 КЭС жұмысын талдауға қажетті күн сипаттамаларына қатысты дұрыс мәліметтерді жинау үшін КЭС алаңының (телімінің) қарама-қарсы жағында орналасқан және негізгі метеобекеттің желмен көлегейленуі кезінде күн сипаттамаларына қатысты мәліметтерді жинақтауға арналған қосымша метеобекетті орналастыруға кеңес беріледі.

Қосымша метеобекет, КЭС-дағы барлық КФЭБ-ның қауіпсіз және сенімді қолданысын қамтамасыз ету мақсатында, әсіресе КФЭБ-ның қатарлап (үш қатардан артық) орналасуы кезінде, және жер бедері күрделі өңірлерде, оның ішінде таулы аудандарда, күн түсу жөніндегі ақпаратты қайталайды.

7.4.5 Жобада метеобекеттердің келесі құралдармен қамтамасыз етілуін алдын-ала ескеру қажет:

- 0,5 м/с қателікпен 0-50 м/с дейінгі жел жылдамдығын өлшеуге арналған құралдар;
- 0-360 ° ауқымында (дискреттілігі 10 °С аспайды) жел бағытын анықтауға арналған құралдар;
- 0,5 °С қателікпен минус 40 °С -тан плюс 40 °С-қа дейінгі ауа температурасын өлшеуге арналған құралдар;
- 1 %-дан аспайтын қателікпен 650-1080 ГПа ауқымында атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құралдар;
- ауа тығыздығын өлшейтін құрал (гигрометр).
- күн түсу параметрлерін мониторинг жасайтын толық станция:
 - 1 горизонталды пиранометр - күн сәулелерінің толық ағынын өлшеу үшін;
 - 1 пиргелиометр күнмен бірге күн сәулелерінің бауытымен жүріп отыратын;
 - 1 еңкейген пиранометр, пиргелиометрге қондырылған;
 - 1 қараңғыланған пиранометр - күн сәулелерінің шашырауын өлшеу үшін.

7.4.6 Барлық өлшеу құралдарын метеомұнарада, КФЭБ жазықтығының биіктігінде орналастырған жөн. Ауа температурасы мен атмосфералық қысымды өлшейтін құралдарды жер бетінен 1,5 м-ден кем емес биіктікте орналастыруға рұқсат етіледі.

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

7.4.7 Жел жылдамдығын өлшейтін құралдардың қырау және мұз кату жағдайларында жұмыс жасау қабілеттілігін қамтамасыз ететін жүйелер болуы тиіс.

7.5 Басқару, бақылау және диагностикалау жүйесі

7.5.1 КЭС пен оның элементтерін басқару жүйесі күн энергиясын КФЭБ арқылы электр энергиясына өзгерту және оны электр желісіне таратуды бақылайтын және оңтайлы басқаруға бағытталған біртұтас жүйе ретінде құрылуы керек.

7.5.2 Бұл ретте жүйе негізгі және қосымша жабдықты оңтайлы басқаруды және апаттық жағдайларда орын алуы мүмкін салдардың басқарылмалы түрде алдын алуын қамтамасыз етеді.

7.5.3 КЭС басқару жүйесін, оның негізгі технологиялық жабдықты диагностикалау, сондай-ақ ішкі және сыртқы факторлар (электр және механикалық аппараттар мен ақаулар, желдің шекті ұйғарынды жылдамдығы, көктайғақ, жаңбыр, бұршақ, жер сілкіністері және басқасы) әсерінен туындаған зақымдардан қорғау қызметін бір уақытта атқаратындай етіп ұйымдастырған жөн.

7.5.4 КФЭБ саны көп болған кезде, олардың жалпы қуаттылығына қарамастан, КЭС-ын негізгі және қосымша жабдықты басқару қызметін орындайтын қос деңгейлі басқару жүйесімен жабдықтау кеңес етіледі.

7.5.5 Жоғары басқару деңгейін КЭС құрамына кіретін барлық КФЭБ, орталық жоғары вольтты шағын станцияны, жалпы станциялық көмекші жүйелерді орталықтандырылған бақылау және басқару үшін, сондай-ақ КЭС-ң метеобекеттерінен келетін ақпаратты қабылдау және өңдеу үшін жобалау қажет.

7.5.6 Төмен басқару деңгейі жекелеген КФЭБ жұмысын бақылау және басқару үшін, оның ішінде бақылау және диагностикалауға қатысты толық ақпаратты тапсыру қызметтерін, сондай-ақ КФЭБ жергілікті басқару және реттеу қызметтерін орындау үшін жобалануы тиіс.

7.5.7 Жоғарғы және төмен басқару деңгейлерінің арасында технологиялық ақпаратты және басқару сигналдарын тарату құралдары ескерілуі тиіс. Бұл мақсатпен бақылау шоғырсымдары немесе байланыс шоғырсымдары, жоғары жиілікті немесе оптикалық талшықты шоғырсымдар қолданыла алады.

7.5.8 КФЭБ саны неғұрлым көп және жалпы қуаттылығы 500 кВт жоғары КЭС оперативтік басқаруды орталық басқару пункттегі тұрақты оперативтік персоналымен жүзеге асырылуға кеңес беріледі. Басқа жағдайларда, экономикалық негіздеме жасау шартымен, ауысымның кезектілігін ұсынатын нұсқа қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда кезекші персоналда әр КФЭБ-ң шақырылмалы дабылдама құралдары және қуат жүйесінің диспетчерімен байланыс орнату құралдары орнатылуы тиіс.

7.5.9 КЭС орталық басқару пунктін орналасу орнын таңдаған кезде, осы нысана және КФЭБ арасындағы шоғырсым желісі ұзындығының қысқартылуын, сондай-ақ КФЭБ алаңын еркін қарай алуды қамтамасыз ету қажет.

7.5.10 Орталық басқару пунктінің және басқару, бақылау және диагностикалау жүйесінің жабдығын орналастырудың өлшемдері бұл бөлмелерде кезекші персоналдың тұрақты түрде болуының эргономикалық талаптарының негізінде қабылданады.

7.5.11 КЭС-ң технологиялық процесстерін автоматты басқару жүйесі (ТПАБЖ)

микропроцессорлық техника құралдарымен (компьютерлермен, контроллерлермен), оның ішінде технологиялық ақпаратты көрсету және беру құрылғыларымен жабдықтау қажет. Қағида бойынша, бұл мақсатпен кең дисплейлер немесе дабылдама мен басқарудың бас нақышты қалқандары қолданылуы тиіс.

7.5.12 КЭС орталық басқару пунктiнiң жабдығын әр КФЭБ төменгi деңгейлi жүйелерiмен аппараттық және бағдарламалық үйлесiмдiлiк шартымен таңдаған жөн.

7.5.13 КЭС орталық басқару пунктiнiң басқару қондырғылары КФЭБ-ң iске қосылуы мен өшiрiлуiн қамтамасыз етуi тиiс, олардың қызметi КЭС-ң қуат беру желiлерiнде кернеу толығымен жоқ болған кезде де қамсыздандырылуы тиiс. Осы құрылғылардың қуат алуын қамтамасыз ету үшiн бөлек тоқтаусыз қуат берушi агрегаттар орнатылуы немесе шағын станциялардың аккумуляторлық батареядан резервтік қуат алуы бар қуат берушi агрегаттар қолданылуы тиiс.

7.5.14 КЭС басқару жүйесi барлық КФЭБ күндiзгi және түнгi күн қуатынан мүмкiндiгiнше максималды электр қуатын өндiруi үшiн олардың жұмысын автоматты түрде орындалуын қамтамасыз етуi керек.

7.5.15 КЭС орталық басқару пунктiнде келесi ақпараттық қызметтер орындалады:

- күн жарығының параметрлерi жөнiнде, әр КФЭБ мен шағын станцияның электр параметрлерi (кернеу, ток, қуат, электр қуатының көлемi) жөнiнде аналогтық ақпаратты жинау және дисплейде немесе бас басқару қалқанында көрсету. Бұл параметрлердi екi бағытта (берiлiс үшiн және тұтыну үшiн) өлшеу қажет;

- әр КФЭБ күйi (қосулы/өшiрiлуi) жөнiнде, жоғары вольтты қосымша станцияларды бас схемаларының ауыстырып-қосқыштарының күйi (қосулы/өшiрiлуi) жөнiнде, жалпы станциялық көмекшi жүйелердiң күйi жөнiнде негiзгi дискреттік технологиялық ақпаратты жинау және дисплейде немесе бас басқару қалқанында көрсету;

- әр КФЭБ-ң, шағын станцияның және жалпы станциялық жүйенiң негiзгi және қосымша технологиялық жабдығындағы ақау және авария жөнiнде жалпыланған және мағынасы ашылған дискреттік ақпаратты жинау және дисплейге көрсету;

- оқиғаларды автоматты тiркеу, мәлiметтердiң тәулiктiк және айнымалы қисық сызығын құру және басып шығару;

- жабдықтың техникалық күйi жөнiнде ақпаратты, оны диагностикалау нәтижелерiн жинау, жалпылау және талдау, статистика және ағымдағы қызмет көрсетулер мен жөндеулердi орындау қажеттiлiгi үшiн деректер қорын жасау;

- негiзгi ақпаратты құру және қуат жүйесi диспетчерiнiң деңгейiне тарату. Қағида бойынша, жоғары деңгейге жалпы активтi және реактивтi қуат (бағытын ескере отырып) мәндерi, шығыс шағын станциялардың шиналарындағы кернеу мен жиiлiк мәндерi, қуат жүйесiне бастапқы желiлердiң коммутациялық аппараттары күйiнiң мәндерi, КЭС-ғы «Авария» және «Ақау» сигналдары берiлуi тиiс;

- тәжiрибелiк-өнеркәсiптiк КЭС-ға қажеттi қосымша қызметтер, сондай-ақ Тапсырыс берушiнiң талабы бойынша қосымша қызметтер.

7.5.16 КЭС орталық басқару пунктiнде келесi негiзгi басқару қызметтерi орындалғаны жөн:

- орталық шағын станцияның барлық жоғары және төмен кернеулi ауыстырып-қосқыштарын қашықтан қосу және өшiру және трансформаторлардың жүктелiмi астындағы

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

кернеуді реттеуші ауыстырып-қосқыштарды басқару;

- әр КФЭБ үшін белсенді қуатты шектеу бойынша нұсқауларды беру мүмкіндігі;
- қозу реттегіштеріне жекелей немесе топталған әсер ету жолымен КЭС

шиналарындағы кернеу мен реактивті қуаттылықты реттеуге арналған генераторлардың қозуын орнатуды қашықтан өзгерту (қозуды қашықтан реттеу мүмкіндігін ескеретін синхронды генераторлары бар КФЭБ үшін ғана).

7.5.17 Төмен деңгейдің басқару құралдары КФЭБ толық жергілікті басқаруды қамтамасыз етуі тиіс және, әдетте, әр КФЭБ-мен бірге жеткізілуі тиіс.

7.5.18 Әр КФЭБ мен шағын станцияны орталықтан басқаруды «жергілікті» басқаруға ауыстыру төмен деңгейлі басқару шкафынан, ал 35-110 кВ шағын станциялар үшін – қауіпсіз қызмет көрсету орындарында орналасқан шкафтардан (панелдерден) жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте КЭС орталық басқару пунктiнен «жергілікті» басқаруға көшірілу жөнiнде хабарлама жіберілуі тиіс.

7.5.19 КЭС нысандарын технологиялық басқару қызметтерінен басқа, орталық басқару пунктінде КФЭБ мен шағын станцияларға техникалық қызмет көрсету және жұмысын есепке алу мәселелерін шешуге арналған кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесінің құралдары орнатыла алады:

- жабдыққа техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстың орындалуына өкім беру жүйесін жүргізу;

- әр КФЭБ жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмысты орындау көлемі мен уақытының есебі;

- КЭС-на қосалқы бөлшектер шығынының есебі;

- әр КФЭБ-на техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын шығындар есебі;

- КЭС-ң өзіндік қажеттіліктеріне қажетті электр қуаты шығынының есебі.

Қағида бойынша, компьютерлік құралдарға түсірілетін жүктелімді азайту үшін бұл қызметтерді ортақ желіге жалғанған бөлек стандартты ЭЕМ орындауы тиіс. Бұл ретте мекемені автоматты басқару жүйесі тарапынан технологиялық процесстерін автоматты басқару жүйесі элементтеріне рұқсатсыз әсерлердің алдын алу үшін қорғаныс шараларын ескерген жөн.

8 КЭС СЕНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

8.1 КЭС және оның құрылымдық элементтерінің сенімділік көрсеткіштерінің мәндері өзіндік құнының минималдық мәнінде электр қуатын шығаруды қамтамасыз етуге сүйене отырып алынады.

8.2 КЭС мен оның жүйелерінің экономикалық тиімділігі мен сенімділігі өндірушілердің бөлек элементтердің сенімділігі жөнiнде деректерінің негізінде анықталуы тиіс:

- элементтердің тоқтау жиілігі;

- тоқтап қалған элементті қалпына келтірудің орташа ұзақтығы;

- элементтерге техникалық қызмет көрсету үшін жоспарлы өшірулер жиілігі;

- жабдықтың тоқтауы салдарынан электр қуаты өндірімінің шығынын ескергендегі,

элементті жөндеудің орташа ұзақтығы.

8.3 КЭС-ң жүйелері мен жабдығының сенімділігі жабдықтың негізгі элементтерін, желілер мен жүйелерді бөлек резервтеумен, жұмысшы жүктелген резервтеумен және қоймалық резервтеумен қамтамасыз етілуі тиіс.

8.4 КЭС-ын құрайтын элементтер үшін қалпына келтіруі бар резервтеуді ескерген жөн. КФЭБ-ң жылдам тозатын бөліктері мен тораптарының қоймалық резерв ретінде сақталуын ескеру қажет.

8.5 Автоматтандырылған басқару жүйелерін құру, ақпаратты тарату желілері мен арналарының орындалу әдістері мен қолданылу тәртіптерін таңдау кезінде ақпарат алу кезіндегі кедергілерге жол бермеу және ақпаратты бұрмалаудан қорғау мақсатында, аппараттық құралдарды жоғары кернеулі электр қондырғыларының қауіпті әсерінен, найзағай мен оның қосымша белгілерінің әсерінен қорғау бойынша шараларды әзірлеуге ерекше көңіл аударған жөн.

9 КЭС ПАЙДАЛАНЫЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

9.1 КЭС жобалау кезінде қабылданған негізгі техникалық шешімдердің сапасы техникалық және экономикалық есептеме көрсеткіштерімен анықталуы тиіс.

9.2 КЭС жұмысының тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері келесілер болып табылады:

- электр қуатының жылдық өндірімі;
- қабылданған КФЭБ түрлері үшін атаулы қуатты қолдану коэффициенті (КЭС бойынша орташа);
- алынатын электр қуатының өзіндік құны.

9.3 КЭС жобалау кезінде метеорологиялық зерттеулерге сүйене отырып бір ғана КФЭБ электр энергиясын өндіру көлемін жоспарлағанда, ол электр қуаты жобалау кезеңіндегі есептік мүмкіндік деп қарастырылуы керек.

9.4 КЭС қажетті электр энергиясын өндіре алу мүмкіндігі әрбір жекелеген КФЭБ өндіретін энергия қосындысы ретінде анықталады.

9.5 КЭС-нан электр қуатын жобалық жіберу шамасы КФЭБ өзара әсер етуіне байланысты көлегейлеу әсері салдарынан, жеке қажеттіліктер үшін электр қуатын пайдалану салдарынан туындаған шығындар шамасына және жобада техникалық шешімдермен, қолданудың ұйымдық-техникалық деңгейімен, КЭС жүйелері мен жабдығының сенімділігімен қабылданған жоспарлы шығындар шамасына азайтылған толық өндірім ретінде анықталады.

9.6 Қызмет етіп тұрған барлық бір типтес КФЭБ электр қуатының жылдық әлеуетті есептік өндірімін жалпы жағдайда төмендегі тәуелділік бойынша анықтайды

$$W_{\Sigma} = W_n \cdot m \cdot (1 - K_3) \cdot K_{\Gamma}, \quad (7)$$

мұнда W_{Σ} - КФЭБ тобымен өндірілетін электр энергия, кВт•ч;

W_n – жазғы мүмкін өндірілетін электр энергия, кВт•ч;

m - КФЭБ топтағы саны;

K_3 – көлеңкелеу коэффициенті, бұл коэффициент өндірілетін электр энергиясының

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

КФЭБ бір біріне әсер етуінен азаюын ескереді ($K_3 = 0,05 \dots 0,1$ в зависимости от схемы размещения СФЭБ);

K_{Γ} – бір топтағы барлық КФЭБ әзірлік коэффициенті .

9.7 K_3 коэффициентінің бұдан төменірек мәндеріне қол жеткізу мүмкіндігін анықтау үшін КЭС алаңында көп жылғы мерзім ішінде күн түсу параметрлерінің қайталанғыштығы жөнінде нақты немесе есептеп шығарылған деректерді ескеру шартымен, үлгілеу әдістерін қолдана отырып, КФЭБ-ын орналастыруды оңтайландыру қажет. Бұл ретте КФЭБ тобы үшін $W_n \cdot m \cdot (1 - K_3)$ болжамды мәні анықталуы мүмкін.

9.8 Берілген топтағы барлық КФЭБ-ң әзірлік коэффициентінің мәні $K_{\Gamma y}$ осындай КФЭБ-мен жабдықталған өнеркәсіптік немесе демонстрациялық КЭС-ын тәжірибелік қолданудың нақтылы нәтижелерінің негізінде қабылданады. Нақты деректер жоқ болған кезде $K_{\Gamma y}$ мәнін КЭС Тапсырыс берушісімен келісілген жеткізушінің немесе өндірушінің деректері негізіндегі мәніне рұқсат беріледі. Игеру мерзімі ішіндегі КЭС қуаттылығын алдын ала есептеу үшін $K_{\Gamma y} = 0,80$, ал келесі қолдану мерзімінде $K_{\Gamma y} = 0,96$ деп алуға рұқсат беріледі.

9.9 КЭС-ғы электр қуатының жылдық өндірімін төмендегі теңдеу арқылы анықтаған жөн:

$$W_{KЭС} = \sum_{i=1}^k W_{\Gamma i} \cdot K_{\Gamma ooc}, \quad (8)$$

мұнда $W_{KЭС}$ – КЭС-ғы электр қуатының өндірімі, кВт·ч;

$W_{\Gamma i}$ – КФЭБ тобының электр қуатының өндірімі, кВт·ч;

k – КФЭБ саны;

$K_{\Gamma ooc}$ – КФЭБ-ң қызмет етуін және өндірілген электр қуатының желі арқылы электр қуатының есебін жүргізу түйініне дейін берілісін қамтамасыз ететін жалпы станциялық жабдық пен жүйелердің әзірлік коэффициенті.

9.10 $K_{\Gamma ooc}$ мәнін КЭС элементтерінің сенімділік көрсеткіштеріне сүйене отырып есептелінеді. Жобалау кезінде $K_{\Gamma ooc} = 0,99$ мәндерін қолдануға рұқсат беріледі.

9.11 $K_{\Gamma ooc}$ мәндерін есептеу кезінде жабдықтың ұйымдастыру себептеріне байланысты бос тұруын ескермеген абзал.

9.12 Электр қуатының технологиялық шығыны $W_{\Gamma II}$ КФЭБ-ң басты ауыстырып-қосқыштарынан КЭС-ң электр қуатын есепке алу торабына электр қуатын беру желісіндегі, атап айтқанда, шоғырсымдардағы, барлық трансформаторларындағы электр қуаты шығынының қосындысы деп анықтаған жөн.

Электр қуатының аталып өткен элементтер үшін технологиялық шығынының есептемесін таратылатын қуат шамасы жалғанатын КФЭБ атаулы қуатының 20 % - на тең болған жағдайда орындауға кеңес беріледі.

9.13 Электр қуатын КЭС негізгі жабдығының өзіндік қажеттіліктеріне тұтынуын W_{CH} электр қуатын КФЭБ өзіндік қажеттіліктеріне (электр қуатын шығару тәртібінде және бос тұру тәртібінде), атоматты жүйелерді,, метеобекеттердің қуат алуына тұтынуды қосу арқылы анықтаған жөн. Есептемені өндірушілердің құжаттамасында келтірілген атаулы мәндерге және тиісті тәртіптегі жабдық жұмысының болжамды ұзақтығына сүйене отырып орындаған жөн.

9.14 Электр қуатын қосымша жабдық жұмысын және басқа жалпы станциялық

қажеттіліктерді қамтамасыз етуге тұтынуды $W_{кж}$ болжамды жүктелімді (жарықтандыру, жылыту, қосымша жабдық жетегі және басқа қажеттіліктер) ескере отырып, әрекет етуші нормативтерге сәйкес анықтау қажет.

9.15 КЭС-нан тауарлық электр қуатының жобалық жылдық жіберілімі келесі теңдеу арқылы анықталады:

$$W_{ТЭ} = W_{КЭС} - W_{ТП} - W_{СН} - W_{ВО}, \quad (9)$$

мұнда $W_{ТЭ}$ – КЭС-нан электр қуатының жобалық жылдық жіберілімі, кВт·ч;

$W_{КЭС}$ - КЭС-ғы электр қуатының өндірімі, кВт·ч;

$W_{ТП}$ – электр қуатының трансформация және таратылу кезіндегі технологиялық шығыны, кВт·ч;

$W_{СН}$ – электр қуатын КЭС-ң негізгі/қосымша жабдығының өзіндік қажеттіліктері үшін тұтыну, кВт·ч;

$W_{ВО}$ – электр қуатын қосымша жабдық жұмысын және басқа жалпы станциялық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тұтыну, кВт·ч.

9.16 КЭС электр қуатының нақтылы жылдық жіберілімі жобамен ескерілген және ескерілмеген факторлардың толық жиынтығымен анықталады.

9.17 КЭС-ң белгіленген қуатын пайдаланудың орташа жылдық коэффициенті $K_{ЖО}$ жобалық шешімдер сапасының және КЭС орналасқан нақты алаңның метеорологиялық жағдайларында жабдық жұмысының, сондай-ақ қолдану, жөндеу және әкімшілік персоналы қызметінің тиімділігінің қорытынды көрсеткіші болып табылады. бұл көрсеткіш $W_{Г}$ мәніне сәйкес есептеп шығарылады.

9.18 Жіберілген электр қуатының есептік өзіндік құны және КЭС-ң басқа экономикалық көрсеткіштері электр энергетикасы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

Бұл ретте КЭС қызметін қамтамасыз ету бойынша төмендегідей шығындар қосымша ескерілуі тиіс:

- ақпараттық қызмет көрсету және ЭЕМ бағдарламалық жасақтамасы үшін төлемдер;
- зияткерлік меншікті пайдалану үшін төлемдер;
- әлеуметтік саланы қамсыздандыру шығындары және т. б..

10 ЭЛЕКТРЛІК ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

10.1 Электр жалғасуларының басты және ішкі схемалары

10.1.1 Электр энергетикалық жүйелердің электр желілеріне жалғасатын КЭС электр жалғасуларының басты схемалары келесі бастапқы жағдайларды ескере отырып әзірленеді:

– КЭС құрамына кіретін КФЭБ саны және орналасуы, олардың атаулы қуаттылығы, КФЭБ түрі мен қуатының атаулы коэффициентінің кеңес етілетін мәні, реактивті қуат берілісі (тұтынуы) кезіндегі жұмыс тәртіптер, қоздыру жүйелеріне қойылатын талаптар, реактивті қуатты компенсациялау құрылғылары;

– КЭС электр қуатын қуат жүйесіне шығаратын кернеу, электр қуатын тарату

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

желілері бағыттарының саны, әр желі бойынша таратылатын активті және реактивті қуаттылық, КЭС шиналарындағы кернеудің ұйғарынды ауытқулары;

– қуат жүйесінің дамуын ескере отырып, максималдық және минималдық тәртіптер үшін КЭС-ң жоғары кернеулі шиналарындағы қуат жүйесінен қысқа тұйықталу токтарының (үш фазалық және бір фазалық) мәндері, ауыстырып-қосқыштардың түйісулеріндегі жаңғырмалы кернеу мәні;

– қуат жүйесінің статикалық және динамикалық орнықтылығының және оның аварияға қарсы автоматикасының шарттарымен (қысқа тұйықталуларды өшіру жылдамдығын арттыру, қуат теңгерімін жақсарту мақсатында желіні бөлу, қуаты артық ауданда генераторларды өшіру, автоматты жиіліктік жеңілдену (АЖЖ) және басқалары) байланысты талаптар.

– артық кернеуден қорғаныс үшін электр тогын ажыратқышты, сондай-ақ шунттаушы реакторларды орнату қажеттілігі.

10.1.2 КЭС электр жалғасуларының басты схемасы оның нұсқаларын техникалық-экономикалық салыстыру негізінде таңдалады.

Салыстыруға арналған схема нұсқалары осы бөлімнің кеңестеріне сәйкес құрастырылады.

Техникалық-экономикалық салыстыру кезінде шағын станциясының электр жабдығына жұмсалатын шығындар, электр қуатын таратудың шоғырсымды және әуе желілері, амортизация және қызмет көрсетуге жұмсалатын жыл сайынғы шығындар, КЭС жұмыс тәртіптерін ескере отырып, схема элементтеріндегі электр қуаты шығынының құны, сенімділік көрсеткіштері (тоқтап тұрулар ағынының параметрлері және жабдықтың қалпына келу уақыты, электр қуатының болжамды кем өндірімі және оның салдарынан болған залал), схеманың икемділігі мен жөндеуге жарамдылығы, қолдану және автоматтандыру жайлылығы, құрылымдық-құрастыру шешімдері және т. с. с. ескеріледі.

Негіздеме жеткіліксіз немесе экономикалық көрсеткіштердің арасындағы айырмашылық болмашы болған жағдайда, схемалардың нұсқаларын таңдау үшін көпмақсатты оңтайландыру әдісін қолданған жөн.

10.1.3 КФЭБ қуатының берілісі кернеудің үлестіруші құрылғысы арқылы немесе 8.2. т. келтірілген талаптарға сәйкес көтеруші трансформаторлар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

КЭС-ң бүкіл қуатын ОЭШС-на бір көтеруші трансформатор арқылы беру мүмкіндігі қуат берілісі схемасының сенімділік шарттары және жоғары вольтты желілердің өткізу қабілетінің шамалары, КЭС-ын энергетикалық жүйеден ажыратудың ұйғарынды уақыты және өзінді қажеттіліктерді сенімді қамсыздандыру бойынша тексерілуі тиіс.

КЭС электр жалғасуларының басты схемасын таңдау кезінде КФЭБ-ны қолдануға енгізу мерзімі және кезектілігі және үлестіруші құрылғыларды ұлғайту қажеттілігі ескеріледі.

10.1.4 Электр станциясының жеке КФЭБ қуатын қуат жүйесіне беру үшін шоғынландыруды КЭС-ң ішкі электр желісі бойымен жүзеге асырған жөн.

10.1.5 Желінің атаулы кернеулері мен онда трансформацияның аралық сатыларын енгізу қажеттілігі төмендегілермен анықталады:

– КФЭБ түрімен және оның бірлік атаулы қуатымен;

- КЭС-ң белгіленген қуатымен;
- кернеуді ұйғарынды төмендетумен (КЭС-ң ток сымдарын, қуаттың шоғырлануы жүзеге асырылатын, шағын станциялардың шиналарына жалғасу орнындағы атаулы қуаттың 5 %).

10.1.6 КЭС-ң ішкі желісінің параметрлерін анықтауға арналған есеп тәртібі КЭС-ң белгіленген қуатын беру тәртібі болып табылады.

10.1.7 Ішкі және басты электр желілерінің құрылу қағидасын және монтажын, сондай-ақ КЭС-ң бірыңғай қуат жүйесімен жалғасуын, КЭС қуатын шоғырландыруды және күш желілерінің құрылымдық орындалуын электр монтаждық жұмыстарды орындауға тиісті лицензиясы бар энергетикалық компания орындауы керек.

10.2 Дербес және гибриді КЭС-ға арналған КФЭБ қуатын шоғырландыру схемалары

10.2.1 Дербес және гибриді КЭС-ға арналған КФЭБ-ны таңдаған кезде орташа жылдық және айлар ішінде күн жарығының түсу қуаты мен жыл кезеңіндегі қосынды энергия тұтынуды ескеріп, түзетулер енгізіп алу қажет.

10.2.2 Дербес және гибриді КЭС үшін КФЭБ қуатын шоғырландыруды аккумуляторлық батареялар (бұдан әрі – АБ) жүйесіне жүзеге асырған жөн.

10.2.3 АБ-да жиналған электр қуаты (тұрақты ток) инвертор электр аспабының көмегімен тұтынылатын ауыспалы кернеуге өзгереді.

10.2.4 АБ жиынтығының зарядын бақылау, КФЭБ қуат көздерін басқару және олардың синхрондалуы арнайы электрондық құрылғы – контроллер ішінде орындалады.

10.2.5 АБ-ны КЭС қолдану ауданындағы желдің орташа жылдық жылдамдығына байланысты таңдайды.

10.2.6 Инверторды таңдау кезінде пайдаланушының қажеттіліктерін негізге алу қажет, өйткені инверторлардың екі тобы бар:

- инверторлардың бірінші тобы (қымбаттырақ) синусоидалы шығыс кернеуін қамтамасыз етеді,
- екінші топ шығыс кернеуін синусоиданы алмастыратын жеңілдетілген сигнал түрінде қамтамасыз етеді.

Тұрмыстық аспаптардың басым көпшілігі үшін жеңілдетілген сигналды қолдануға болады. Синусоида тек кейбір телекоммуникациялық аспаптар үшін ғана маңызды.

10.2.7 Инверторды 220В/50 Гц стандартты кернеулі қуат тұтынудың шектік қуатына негізделі отырып таңдайды. Инвертордың екі жұмыс тәртібі бар. Бірінші тәртіп – бұл ұзақ жұмыс тәртібі. Бұл тәртіп инвертордың атаулы қуатына сәйкес келеді. Екінші тәртіп – шамадан артық жүктелім тәртібі. Бұл тәртіпте инверторлар үлгілерінің көбісі бірнеше ондаған минут бойы атаулы қуат тәртібінде жұмыс істей алады.

10.2.8 Жалпы қуат тұтынысын түзету кезінде шоғырсымдағы, инвертордағы және АБ-ғы қуат шығыны ескеріледі. Шоғырсымдағы шығын КФЭБ-ң қуат өндірімін 30 %-ға дейін төмендетуі мүмкін, сондықтан қуат шығынын қысқарту үшін ұзын шоғырсымды қолданған кезде шоғырсым тарамының үлкен қимасын таңдауға кеңес беріледі.

10.2.9 АБ және инверторлардағы қуат шығыны қуатты өзгертудің ПӘК-мен байланысты. Қорғасынды АБ-ң ПӘК шамамен 90 %, сілтілі батареяның ПӘК шамамен 80

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

% құрайды. Қазіргі заманғы инверторлардың атаулы ПӘК шамамен 95 % тең. Инвертордың бүкіл жұмыс ауқымы үшін инвертордың орташа ПӘК-ін 90 % деп қабылдауға болады.

10.2.10 Қажетті электр кернеуі АБ жиынтығы элементтерін ретті жалғастыру жолымен қамтамасыз етіледі. Қатар жалғасу АБ-ң кейбір арнайы түрлері үшін ғана рұқсат етіледі.

10.3 Өзіндік қажеттіліктерге электр энергиясын тұтыну

10.3.1 Өзіндік қажеттіліктер үшін электр қуатын беру қуат жүйесінен КЭС-ң қуат беру желілері арқылы және КЭС жұмыс істеп тұрған кезде оның өзінен жүзеге асыру кеңес етіледі.

10.3.2 КЭС-ң өзіндік қажеттіліктері үшін белгіленген қуаты 20 МВт жоғары электр қуатымен жабдықтау жүйесінің, мүмкіндігінше, кемінде екі дербес қуат көзі болуы тиіс:

- КЭС-ң көтеруші трансформаторының төмен кернеу орамы;
- 6-10 кВ құрама шиналар немесе жергілікті қуатпен жабдықтау жүйесінің ЭШС шиналары.

10.3.3 Қуат жүйесімен бірге «кернеудің ұзақ уақытқа созылған шығыны» және КЭС тоқтауы кезіндегі өзіндік қажеттіліктер үшін авариялық электр қуатын беру үшін дизельдік электр станциясы да қолданыла алады. Дизельдік электр станциясының қуаттылығы КЭС-ң жабдығы мен жүйелерін жұмысқа қабілетті күйінде ұстап тұру жағдайларына және КЭС-ын жұмыс істемейтін күйінен іске қосу мүмкіндігіне негізделе отырып анықталады.

10.3.4 КЭС-ң өзіндік қажеттіліктер үшін ауыспалы токтың электр жалғасуларының схемасы, әдетте, 0,4-0,23 кВ бір кернеумен (жерге тұйықталған бейтарап сымы бар үш фазалық жүйе) орындалады.

Өзіндік қажеттіліктер үшін бөлек қабылдағыштарға қуат беру үшін қауіпсіздік шарттары бойынша кернеуі 42 В немесе 12 В ауыспалы ток қолданылуы мүмкін. Ірі КЭС үшін тиісті қажеттіліктер бар болған жағдайда, 6 (10) кВ кернеу де қолданыла алады.

10.3.5 Өзіндік қажеттіліктерге арналған шиналардағы кернеу КЭС-ң кез келкен жұмыс тәртіптерінде, сондай-ақ ол тоқтаған кезде, электр қуатымен жабдықтау көзінің авариялық өшірілуі кезіндегі резервтің автоматты қосылуын (РАҚ) қолдану арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Дербес қуат беру көздерінің түрі мен саны, өзіндік қажеттіліктерге арналған кернеу шамасы, трансформаторлардың саны мен қуаты, өзіндік қажеттіліктердің қуат беруші электр жалғасуларының схемасы электр қуатымен жабдықтаудың қажетті сенімділігін ескере отырып, техникалық-экономикалық есептемелер негізінде анықталады.

10.3.6 Өзіндік қажеттіліктердің тұтынушылары – оперативтік ток тізбегін, үздіксіз қуат берудің түрлендіруші агрегаттарын, эвакуациялық және авариялық жарықтандыруды, байланысты тұрақты ток қуатын беру үшін аккумуляторлық батарея және зарядтаушы-ажыратушы құрылғы орнатылады.

Аккумуляторлық батареяның кернеуі, әдетте, тұрақты токтың 220 В деп қабылданады.

10.3.7 КЭС-да диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының негізгі қуат

алуы өзіндік қажеттіліктерге арналған ауыспалы ток желісінен, резервтік қуат алуы – 24 және 60 В кернеулі аккумуляторлық батареялардан жүзеге асырыла алады. Аккумуляторлық батареялардың сыйымдылығы диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының кемінде екі сағат бойы резервтік қуат алуын қамтамасыз етуі тиіс.

10.3.8 Аккумуляторлық батареялардың есептемесі мен таңдауы оны үздіксіз зарядтау әдісі бойынша қолданылуын ескере отырып жүзеге асырылады. Зарядтаушы құрылғының қуаты мен кернеуі аккумуляторлық батареяны алдыңғы 30-минуттық разряды шартымен сегіз сағаттан артық емес мерзім ішінде атаулы сыйымдылығының 90 %-на тең сыйымдылыққа дейін зарядтауға жетуі тиіс.

Жарты сағаттық авариялық разряд жүктелімін ескере отырып, ұзақ мерзімді жүктелім әдісі бойынша таңдалған аккумуляторлық батареяның сыйымдылығы жалпы бір жолғы жүктелім мен жарты сағаттық авариялық разрядтың соңындағы ұзақ мерзімді жүктелім сәйкес болған кезде, шиналардағы кернеу деңгейі бойынша тексерілуі тиіс.

10.4 Басқару, дабылдама, КЭС автоматикасы

10.4.1 Жоғары кернеулі шағын станциялардың басқару, дабылдама, электр қорғаныстары және автоматика құралдары КЭС-ң жалпы басқару жүйесінің құрамына кіреді және тиісті нормативтік құжаттар негізінде жобаланады.

10.4.2 Шағын стацияларға жалғасатын КФЭБ электр қуатын шығару көздері болып табылатынын ескерсек, шағын станциялардың және электр қуатын тарату желілерінің электр қорғаныстары жұмыс істеген кезде, әр КФЭБ-ң басқару шкафтарында орнатылған коммутациялық аппараттардың да өшірілуі алдын ала ойластырылуы тиіс.

10.5 Электр қуатының есебі

10.5.1 Әр КФЭБ-да өндірілген электр қуатының есепбі үшін бақылау-өлшеу аппаратурасының шкафтарында активті қуаттың есептеуіштері, ал синхронды генераторлар үшін – реактивті қуаттың да есептеуіштері ескерілуі тиіс.

10.5.2 КФЭБ-да орнатылатын есептеуіштер дәлдігінің ұйғарынды санаты 0,5 нашар болмауы тиіс.

10.5.3 КФЭБ-да электр қуатының автоматтандырылған есебі жүйелерін орнатқан жағдайда, бастапқы қадағалар мен түрлендіргіштер орнатылады, ал орталық құрылғылар КЭС ОБП-де орнатылады.

10.5.4 Активті және реактивті қуаттың есептік есептеуіштері КЭС-ң қуат жүйесіне жалғасу орындарында орнатылады. Электр қуатының есебін қуат жүйесінен берілген және алынған активті және реактивті қуат бойынша көпқызметті есептеуіштердің көмегімен, ақпаратты қуат жүйесінің диспетчерлік пунктіне таратумен бірге орындауға кеңес беріледі.

10.5.5 КЭС-ң бастапқы шағын станциясы оған басқа пайдаланушылардың немесе генерациялаушы қуат көздерінің жалғасуымен бірге жүйелі болып табылатын жағдайда, электр қуатын есепке алу жүйесі ЭҚОЕ сәйкес қарастырылуы тиіс.

10.5.6 Электр қуатын есепке алу құралдары өлшеулер дәлдігіне қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ қызмет етудің жоғары

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

сенімділігіне ие болуы тиіс.

10.6 Найзағайдан қорғаныс

10.6.1 Найзағай салдарынан туындайтын қауіптілік дәрежесін ескере отырып, КФЭБ пен метеорологиялық діңгектер найзағайдан қорғаныс бойынша ҚР ЕЖ 2.04-103 үшінші санатқа жатқызылады.

10.6.2 Найзағайдың тікелей түсіуінен қорғаныс КФЭБ (метеодіңгек) құрылымымен қамсыздандырылып, найзағай тогының жабдықты бұзбай және басқару мен реттеу жүйелерінің электроникасын зақымдамай өтуіне кепілдік беруі тиіс.

10.6.3 Ток аударғыштарды тірек мұнарасының құрылымы бойымен салып, токтың жайылуының импульстық кедергісі 2 Омға дейінгі жерге тұйықтауышқа жалғау қажет. Мұнара металдан дайындалған жағдайда, оны ток жеткізуші бөлшектер ретінде қолдануға рұқсат етіледі. КФЭБ-ң жерге тұйықтаушысы қорғаныс жерге тұйықтаушы элемент болып табылады.

10.6.4 КФЭБ-ң, метеодіңгектің және кешенді трансформатор подстанциясының жерге тұйықталу контурларын біріктіруге тыйым салынады.

10.7 Қосымша КЭС имараттары

10.7.1 КЭС-ң диспетчерлік, технологиялық байланыс және телемеханика құралдарын оперативтік-диспетчерлік басқаруды және қолдануды ұйымдастыру схемасына сәйкес құру қажет.

10.7.2 Байланыс және телемеханика құралдарының көлемі КЭС-ң қуаты мен қуат жүйесіндегі маңыздылығына байланысты және төмендегілерді қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады:

- диспетчерлік байланысты;
- технологиялық байланысты;
- әкімшілік-шаруашылық байланысты;
- жоғары деңгейлі басқару пункттері бар сыртқы байланыс және ақпаратты тарату арналарын;
- сыртқы байланыс арналарын.

10.7.3 КЭС-ын қызмет көрсетуші персоналмен байланыс құралдарының көлемі келесілерден тұрады:

- диспетчердің (кезекші инженердің) оперативтік персоналмен оперативтік байланысы (телефондық, радиоіздеу, ұсақ ұялы);
- қызметтік бөлмелерді радиоландыру;
- күзет дабылдамасы;
- өрт дабылдамасы.

10.7.4 КЭС-ң тұрақты қызмет көрсету персоналы жоқ учаскелері үшін байланыс және телемеханика құралдарының көлемі келесілерді қамтиды:

- КФЭБ-нан ақпаратты тарату арналары;
- ақпаратты басқару орнына таратуға арналған байланыс арналары;

- жалпы мемлекеттік байланыс желісінен байланыс арнасы;
- күзет дабылдамасы;
- реттеу және жөндеу жұмыстарының мерзімі бойы байланыс.

10.7.5 Байланыс құралдарының және ақпаратты тарату арналарының аппаратурасы тарату жылдамдығы, сенімділігі және сапасы бойынша заманауи талаптарға сәйкес келуі, сондай-ақ қуат жүйесімен берілетін техникалық талаптармен үйлесуі тиіс.

11 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС

11.1 КЭС кешенінің ғимараттары мен имараттарында сыртқы және ішкі өрт сөндіру үшін КЭС кешендерінің игерілмеген аумақтарда және елді мекендерден айтарлықтай алшақ орналасу ерекшеліктерін ескере отырып, тұщы суды пайдаланумен бірге бөлек өртке қарсы су құбырын алдын ала ойластырған жөн.

11.2 Өртке қарсы су құбырын КЭС кешенінің ғимараттары мен имараттарында орнату қажеттілігі сутартқыш жүйені жобалауға қойылатын талаптарға сәйкес анықталады.

11.3 Өртке қарсы су құбырының имараттары өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес жобалануы тиіс. Сумен жабдықтау көзін таңдау кезінде жер асты суларын ескеру қажет. Негізді жағдайларда өртке қарсы сумен жабдықтауды ыдыстардан (сұйыққоймалардан, суайдындардан) жүзеге асыруға рұқсат беріледі. Бұл жағдайларда өртке қарсы су қоры сырттан әкелінетін сумен толықтырылады.

11.4 КФЭБ-ң сыртқы өрт сөндіруі ескерілмеуі тиіс және өртке қарсы су құбырының тарату желілері орнатылмайды.

11.5 КЭС ғимараттары мен имараттарының жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша және шағын станциялар тобының өртке қарсы құралдармен жабдықталу дәрежесі санаттылығын өртке қарсы нормаларға сәйкес анықтаған жөн.

11.6 КЭС нысандарының орналасу ерекшеліктерін ескере отырып, станциялардың ғимараттары мен имараттарының жылытуы мен желдетуін қамтамасыз ету үшін электр қуатын қолдануға рұқсат беріледі.

11.7 КЭС кешенінің ғимараттары мен имараттарын (КФЭБ-нан басқа) автоматты өрт сөндіру жүйелерімен және өрт дабылдамасымен жабдықтау қажеттілігі қолданыстағы нормалар негізінде анықталады.

11.8 Өрт сөндіруші құралдар ретінде өрт сөндіруші ұнтақтар (ұнтақты өрт сөндіру), көміртегі диоксиді немесе азот (газды өрт сөндіру) қолданылады. Қондырғы түрі (ұнтақты немесе газды, модульды немесе жалпы нысанды) мен оның орналасуы техникалық-экономикалық есеппен анықталады.

12 НЫСАНДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРАЛДАРЫ

12.1 Инженерлік-техникалық қорғау құралдарын жобалау кезінде тиісті саладағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алу кеңес етіледі.

12.2 КЭС-ң қорғау шараларының кешеніне төмендегілерді енгізген жөн:

- ОББП, ҚӨК, автокөлік тұрағы, ашық және жабық қоймалар периметрі бойымен қорғаныс қоршауы;

ҚР ЕЖ 4.04-113-2014

- қоршалған аумақты жарықтандыру;
- ғимараттар мен имараттардың қорғаныс тосқауыл дабылдамасы;
- КЭС алаңының қорғалатын және тыйым салынған аймақтары.

12.3 КЭС орталық басқару пунктiнiң сыртқы қоршауының биiктiгi кемiнде 2 м болуы тиiс.

12.4 КЭС подстанциялары мен орталық подстанцияларының қоршауы электр қондырғыларын орналастыру ережелерiне сәйкес келуi тиiс.

12.5 Автокөлiк және көтергiш-көлiк жабдығының тұрақтары мен ашық және жабық сақтау қоймаларымен бiрге КЭС ғимараттары мен имараттары аумақтарының сыртқы жарықтандырылуы жер деңгейiндегi көлденең жазықтықта 0,5 лк кем болмауы тиiс.

12.6 Қорғаныс-тосқауыл дабылдамасы:

- бөлменiң немесе әр КФЭБ-ң басқару құралдары мен автоматикасы орналасқан блоктың және метеобекеттiң кiре-берiсiнде;
- орталық басқару пунктiнiң, жөндеу шеберханаларының, сорғы станцияларының қазандық пен жабық қоймалардың кiрiп-шығатын есiгiнде және әйнектелген терезе ойықтарына ескерiледi.

12.7 Тосқауыл дабылдамасының сигналы орталық басқару пунктiне жiберiледi.

12.8 Қорғаныс металл торлар орталық басқару пунктiнiң, шеберханалар мен жабық қоймалардың бiрiншi қабатындағы терезе ойықтарында, сондай-ақ компьютерлiк зал мен байланыс бөлмелерiнiң, материалдық қоймалардың есiк ойықтарында орнатылады.

12.9 КЭС алаңында тыйым салынатын аймақ, КЭС дирекциясының рұқсатымен жұмыстарды жүргiзу мүмкiндiгi жөнiнде мiндеттi ескере отырып, жердi тұрақты және уақытша бөлiп берген аумақ шегiнде орнатылады.

13 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

13.1 КЭС-нан тыс аумақты ауыл шаруашылық дақылдарын өсiру, шабындық, мал жаю және ауыл шаруашылық қызметтiң басқа да түрлерi үшiн қолдануға шектеу қойылмайды. Бұл аумақты орман шаруашылығын жүргiзу және бағбаншылық үшiн қолдануға шектеулер КЭС-ғы КФЭБ-ң осындай көшеттер нәтижесiнде орын алатын көлеңкеленуге негiзделе отырып қойылуы мүмкiн.

13.2 Мамандырылған ұйымның кеңесi ұсынысымен қалақтарды флуоресценттi бояумен бояу, құстарды үркiтетiн дыбыстық сигналдарды орнату, түнгi уақытта, тұман түскен кезде және көру мүмкiншiлiгi жеткiлiксiз болған кездегi басқа жағдайларда КФЭБ тiректерi мен қалақтарына жарық түсiру арқылы орнитофаунаға зиян келтiруге жол бермейтiн шараларды ескерген жөн.

13.3 Курорттық немесе халық тығыз орналасқан аймақта КФЭБ-ы пейзаждың көркемдiлiгiн бұзбауына әрекет жасаған жөн.

13.4 Ipi КЭС-ң жобасын келiсу барысында жұртшылық пен мүдделi ұйымдардың танысуы үшiн КЭС үлгiсi бар аумақтың фотомонтажын немесе макетiн қолданған жөн.

А қосымшасы
(ақпараттық)

КЭС-да электр энергиясын өндіруді есептеу мысалы

А.1 КЭС-да электр энергиясын өндіруді есептеу оның экономикалық тиімділігін анықтаған кезде негізгі болып табылады.

А.2 электр энергиясын өндіруді есептегендемына шығындар міндетті түрде ескеріледі:

- КФЭБ панелдерін КЭС алаңында орналастырғанда бір бірін көлеңкелеу дәрежесіне сай болатын шығындар,
- КЭС ішкі электр желісінде болатын шығындар,
- КФЭБ жөндеу немесе техникалық күтімдер жүргізу кезінде істен шығуынан болатын шығындар,
- КФЭБ бетінің мұздануы немесе ескіруінен болатын шағандыр,
- басқа шығындар.

А.3 Есептеулер негізінде КФЭБ оңтайлы орналастыру туралы ұсыныстар беріледі.

А.4 КФЭБ топтамасы үшін алынатын электр қуаты осы КЭС орналасқан аудан үшін келесі ретпен табылады.

Күн сәулелендіру параметрлерінің белгілі мәндерінде: φ_i - Күн сәулелендіру қосынды қуаты, d_i – ашық күндер саны, h_i – бір жылдағы ашық күндер, сағат.

А.5 Қосынды қуатты $P_{\Sigma\text{КФЭБ}}$, Вт/м² квартал бойынша φ_{ji} есептеу керек:

$$P_{\Sigma\text{КФЭБ}} = P_j(\varphi_{ji}) N_j(1 - \alpha_{ji}) \quad (\text{А.1})$$

мұнда $P_j(\varphi_{ji})$ –КФЭБ алынатын қуат, N_j – КФЭБ саны, α_{ji} – көлеңкелену коэффициенті.

А.6 Мысал:

Айнымалы ток желісінде алынатын қуатты мына элементтер болғанда есептеу: екі инвертор мен трансформатор. КЭС ішкі желісінің екінші бөлігінде трансформатордан алынатын бірінші дәрежелі кернеудің үш фазалы айнымалы ток тізбегі бар (көбінесе 10 кВ), радиалды және магистралды үш фазалы айнымалы токтың кабелдері. Есептеуді 1 МВт қуат үшін орындау. Параметрлерін есептеуге керекті қатынастар (2 инвертор +ТР) А1 кестеде көрсетілген.



А.1-сурет. КЭС алаңындағы ФЭ қуаттық сипаттамасы

А.1-кесте - (2 инвертор +ТР) схемасындағы параметрлердің қатынастары

Параметр	Мәні
Фазалар саны m	3
Инвертордан алынатын тұрақты ток кернеудің орташа мәні, ТР $U_{\Sigma\text{КФЭБ}}/U_{\Phi 1}$ болған кезде	2,34
Инвертордан алынатын фаза кернеуінің мәні, инверторда $U_{\Phi 1}/U_{\Sigma\text{КФЭБ}}$ болғанда	0,427
КФЭМ-модуліндегі максималды кері кернеу, $U_{\text{обр. сФЭМ}}/U_{\Sigma\text{КФЭБ}}$ болғанда	1,045
ТР орамындағы токтың әсер мәні, инвертордан алынатын жерде $I_{\text{ТР}}/I_{\Sigma\text{КФЭБ}}$	0,817
КФЭМ-модуліндегі токтың орташа мәні, инверторда $I_{\text{сФЭМ}}/I_{\Sigma\text{сФЭБ}} (I_{\Sigma\text{КФЭБ}}/m)$	0,33

(2И+ТР) схемасындағы инвертор мен трансформатор параметрлері

Инвертордан шығар жерде ТР орамындағы кернеудің әсерлік мәні $U_{\Phi 1} = 0,4$ кВ, $U_{\text{Л1}} = 0,69$ кВ, мұнда $U_{\Phi 1}$ - ТР орамындағы кернеудің әсерлік мәні.

Формуладан

$$U_{\Phi 1} = 0,2U_{\Sigma\text{КФЭБ}}(\phi_{ji})/\sin(0,15\dots 0,16)\pi \tag{A.2}$$

табамыз $U_{\Sigma\text{КФЭБ}} = 850-900$ В, $U_{\Sigma\text{КФЭБ}}(\phi_{ji})$ - КФЭБ шығар тұрақты ток кернеуінің мәні.

Инвертордың есептік қуатында – $P_{\Sigma\text{сФЭБ}} = 500$ кВт [2] сәйкес, А2 кестеде токтың орташа мәні $I_{\Sigma\text{КФЭБ}} = 550-570$ А, КФЭМ-модульдеріндегі токтың орташа мәні $I_{\text{сФЭМ}} = 185$ А, сФЭМ-модульдері үшін максималды кері кернеу $U_{\text{обр. кФЭМ}} = 950$ В.

Инвертордан алынатын $S_{\text{ТР1}}$ ТРбір орамындағы толық қуат:

$$S_{\text{ТР1}} = (P_{\Sigma\text{КФЭБ}} \cdot \eta_{\text{И}})/(1,2\cos \phi_1) \tag{A.3}$$

мұнда $\eta_{\text{И}}$ –инвертордың ПӘК;

$\cos\phi_1$ – ТР алынатын қуат коэффициенті;

Инвертордан алынатын $S_{\text{ТР1}}$ ТРбір орамындағы токтың мәні $I_{1\text{ТР}}$

$$I_{1\text{ТР}} = S_{\text{ТР1}} \cdot \cos \phi_1 / (1,7U_{\text{Л1}}) \quad (\text{A.4})$$

ТР алынатын кернеудің әсерлік мәні $U_{\phi 2} = 5,78$ кВ, $U_{\text{Л2}} = 10$ кВ стандарт бойынша алынған; ТР $S_{\text{ТР2}}$ орамынан алынатын толық қуат ТР – $S_{\text{ТР2}} = 2S_{\text{ТР1}}$, сонда ТР орамындағы ток $I_{2\text{ТР}}$

$$I_{2\text{ТР}} = S_{\text{ТР2}} \cdot \cos \phi_2 / (1,7U_{\text{Л2}}) \quad (\text{A.5})$$

(1) - (5) бойынша есептеулер мынандай шамалар береді $P_{\Sigma\text{КФЭБ}} = 500$ кВт; $\eta_{\text{И}} = 0,8$; $\cos\phi_1 = 0,9$; $S_{\text{ТР1}} = 370$ кВт; $S_{\text{ТР2}} = 740$ кВт; $I_{1\text{ТР}} = 480$ А; $I_{2\text{ТР}} = 40$ А.

Квартал мен жыл бойы алынатын энергия қуаты

$$W_{\text{РАС.ЖЫЛ}} = 365 \cdot 24 P_{\text{НОМ}} \cdot N \quad (\text{A.7})$$

$$W_{\text{РАС.КВАР}} = D_I \cdot 365 \cdot 24 P_{\text{НОМ}} \cdot N \quad (\text{A.8})$$

мұнда N – ФЭ саны; D_I – кварталдағы күн саны.

Берілген қуаттың орташа жылдық пайдалану коэффициенті K мына формулалардан анықталады

$$K_{\text{ЖЫЛ}} = W_{\text{ЖЫЛ}} / W_{\text{ЕСЕПТІК ЖЫЛ}} \quad (\text{A.9})$$

$$K_{\text{ИУМ КВАР}} = W_{\text{КВАР}} / W_{\text{ЕСЕПТІК КВАР}} \quad (\text{A.10})$$

БИБЛИОГРАФИЯ

- [1]. Э.А. Бекиров, Л.Д. Сокут Основные этапы расчета параметров солнечной электростанции Международный научный журнал «Альтернативная энергетика и экология» № 17 (139) 2013
- [2]. Твайделл Дж. Возобновляемые источники энергии: пер. с англ. М.: Энергоатомиздат, 1990.
- [3]. Кудря С. О. Нетрадиційні та відновлювані джерела енергії: підруч. Київ.: НТУУ «КПІ», 2012.
- [4]. Толстов Ю.Г. Автономные инверторы тока. М.: Энергия, 1978.

БЕЛГІ ҮШІН

ӘОЖ 725.42:620.9

МСЖ 27.180, 29.260, 29.100.01, 29.200, 29.240

Түйінді сөздер: күн энергетикасы, күн электр станциясы, күн энергетикалық қондырғы, күн радиациясының инсоляциясы, фотоэлектрлік жасушалар, күн фотоэлектрлік модульдер, аккумуляторлық батареялар, инвертор, зарядтау реттегіші.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	1
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	2
5 ПРАВИЛА ПРОЕКТИРОВАНИЯ СЭС.....	3
5.1 План размещения СЭС с оценкой климатических условий и выбором площадок установки СФЭБ.....	3
6 ПРИЕМЛЕМЫЕ АРХИТЕКТУРНО-СТРОИТЕЛЬНЫЕ РЕШЕНИЯ.....	10
7 ОСНОВНОЕ И ВСПОМОГАТЕЛЬНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ СЭС.....	10
7.1 Правила выбора фотоэлектрических элементов.....	10
7.2 Аккумуляторные батареи для автономных СЭС.....	13
7.3 Вспомогательные элементы автономной СЭС.....	15
7.4 Метеопост для промышленных СЭС.....	17
7.5 Система управления, контроля и диагностики.....	18
8 ПОКАЗАТЕЛИ НАДЕЖНОСТИ СЭС.....	20
9 ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ СЭС.....	21
10 ЭЛЕКТРОТЕХНИЧЕСКАЯ ЧАСТЬ.....	23
10.1 Главные и внутренние схемы электрических соединений.....	23
10.2 Концентрирование мощности СФЭБ для автономных и гибридных СЭС.....	25
10.3 Электропотребление для собственных нужд.....	26
10.4 Управление, сигнализация, автоматика СЭС.....	27
10.5 Учет электроэнергии.....	27
10.6 Молниезащита.....	28
10.7 Вспомогательные сооружения СЭС.....	28
11 ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И ПРОТИВОПОЖАРНАЯ ЗАЩИТА.....	29
12 ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ОХРАНЫ ОБЪЕКТА.....	29
13 ОЦЕНКА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ.....	30
Приложение А (информационное) Пример расчета выработки электроэнергии на СЭС ...	31
БИБЛИОГРАФИЯ.....	35

ВВЕДЕНИЕ

Настоящий свод правил разработан на основе положений Технических регламентов Республики Казахстан, строительных норм и действующих нормативно-технических документов Республики Казахстан.

В своде правил приводятся приемлемые строительные решения и параметры, обеспечивающие выполнение требований строительных норм при проектировании и строительстве новых и реконструкции действующих солнечных электростанций.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СОЛНЕЧНЫХ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЙ

DESIGN OF SOLAR POWER-STATIONS

Дата введения - 2015-07-01

1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

Настоящий свод правил распространяется на проектирование солнечных электростанций с применением солнечных фотоэлектрических модулей и батарей.

Свод правил включает в себя совокупность рациональных проектных, архитектурных и инженерных решений, позволяющих проектировать солнечные электростанций с использованием прямых технологий с преобразованием энергии солнечных излучений непосредственно в электрическую энергию.

Свод правил не распространяется на проектирование солнечных электростанций, функционирующих на основе непрямых солнечных технологий:

- гелиотермальная энергетика;
- термовоздушные солнечные электростанции;
- солнечные аэростатные электростанции.

Свод Правил содержит описание приемлемых проектных решений в помощь пользователям и носит рекомендательный характер.

2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ

Для применения настоящего свода правил необходимы следующие ссылочные нормативные акты и нормативные документы:

«Правила устройства электроустановок», ПЭУ, утвержденные Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 октября 2012 года № 1355.

СП РК 2.04-103-2013 Устройство молниезащиты зданий и сооружений.

СП РК 5.01-101-2013 Земляные сооружения, основания и фундаменты.

ГОСТ 27751-88. Надежность строительных конструкций и оснований. Основные положения по расчету.

Примечание - При пользовании настоящим сводом правил целесообразно проверить действие ссылочных стандартов и нормативных документов по ежегодно издаваемым информационным указателям «Указатель нормативных документов по стандартизации Республики Казахстан», «Указатель межгосударственных нормативных документов по стандартизации», «Перечень нормативных правовых и нормативно-технических актов в сфере архитектуры, градостроительства и строительства, действующих на территории Республики Казахстан» по состоянию на текущий год.

Если ссылочный документ заменен (изменен), то при пользовании настоящими нормами следует руководствоваться замененным (измененным) документом. Если ссылочный документ отменен без замены, то положение, в котором дана ссылка на него, применяется в части, не затрагивающей эту ссылку.

3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

В настоящем своде правил используются следующие термины и определения:

3.1 Фотоэлемент (ФЭ): Преобразователь энергии солнечного излучения в электричество.

3.2 Солнечный фотоэлектрический модуль (СФЭМ): Монолитная панель из закаленного стекла особой текстуры, на которой между двумя слоями герметизирующей пленки размещены спаянные между собой солнечные фотоэлементы.

3.3 Солнечная фотоэлектрическая батарея (СФЭБ): Жесткая конструкция-панель, состоящая из последовательно или параллельно соединенных СФЭМ для преобразования энергии солнечного излучения в электричество.

3.4 Солнечная электростанция (СЭС): Энергетическое сооружение, состоящее из одной или нескольких СФЭБ для производства электроэнергии посредством преобразования солнечного излучения в электричество.

3.5 Инвертор: Электронное устройство, предназначенное для преобразования энергии постоянного тока, вырабатываемой СФЭБ, в переменный однофазный 220 В/50 Гц или трехфазный 380 В/50 Гц ток.

3.6 Контроллер: Электронное устройство для контроля заряда-разряда комплекта аккумуляторов и управления источниками энергии СФЭБ.

3.7 Аккумуляторная батарея (АБ): Устройство для накопления электрической энергии посредством преобразования химической энергии в электрическую с целью её последующего использования.

3.8 Зарядное устройство: Автоматическое, полуавтоматическое и с ручным управлением электронный прибор для зарядки АБ.

